

**Мектеп жасына дейінгі балалар қиялының танымдық процесі  
дамуына изотерапия әсері**

Рапих Наргиз Ержанқызы

7M03133 «Кеңес беру психологиясы»

білім беру бағдарламасына сәйкес

Әлеуметтік ғылымдар магистрі

Ғылыми дәрежесіне арналған диссертация

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY

Жоғары Гуманитарлық Мектебі

Мамыр 2025

Сөздер саны: 15045[сілтемелер мен қосымшаны қоспағанда, сөздер  
саны]

© Құқық Рапих Наргиз Ержанқызына тиесілі

## ДЕКЛАРАЦИЯ

Мен, төменде қол қоюшы \_\_\_\_\_, MAQSUT NARIKBAYEV  
UNIVERSITY университетіне өз жұмысымды баспа және электрондық форматта  
сақтау және тарату құқығын беремін.

Мен осы диссертацияның жалғыз авторы екенімді және оның ешқандай авторлық  
құқықтарды бұзбайтынын растаймын. Бұл диссертация – менің жеке, түпнұсқа  
жұмысымның нәтижесі болып табылады, егер басқа еңбектер пайдаланылған болса,  
олар тиісті түрде көрсетілген.

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY университеті менің аты-жөнімді осы жұмыс  
авторы ретінде нақты көрсететініне және осы келісімде рұқсат етілген жағдайлардан  
басқа, жұмысқа ешқандай өзгеріс енгізбейтініне кепілдік береді.

Осы арқылы мен жоғарыда көрсетілген Авторлық келісімнің шарттарын қабылдаймын.

\_\_\_\_\_  
Автордың қолы:



\_\_\_\_\_  
Күні: 05.05.2025

## **Abstract**

### **The Influence of Isotherapy on the Development of Cognitive Imagination**

#### **Processes in Preschool Children**

This research explores how art therapy influences the development of imagination in preschool children aged 4-6, a topic gaining traction in early childhood education. Art therapy is viewed as a valuable resource for unlocking creativity and fostering imaginative thinking.

The study investigated cognitive functions like imagination, thought processes, and creativity. It also evaluated the effectiveness of projective techniques, employing J. Renzulli's "New Direction in Creativity" method. Thirty preschool children participated, and their results were analyzed qualitatively.

The findings indicate that art therapy programs positively impact children's imaginative abilities and creative expression. Art therapy served not only as a diagnostic tool but also as a means of development, enhancing communication skills, self-regulation, emotional intelligence, complex problem-solving, and the demonstration of learning achievements. Furthermore, the approach facilitated the identification of personal and family challenges faced by the child.

Notably, group art therapy proved more effective than individual sessions, attributed to the stimulation of children's creative potential through interaction and the sharing of ideas.

This study holds both theoretical and practical significance. Its findings can inform educational psychologists, teachers, and other professionals in their comprehensive work with preschool children. It also supports the implementation of innovative methods to nurture children's creative and cognitive growth, ultimately assisting professionals in refining their practices.

**Key words:** *art- therapy; izo- therapy; imagination; art- therapy methods;  
developmental psychology, creativity; preschool age.*

### Аннотация

#### **Влияние изотерапии на развитие познавательного процесса воображения у детей дошкольного возраста**

Данное исследование посвящено изучению влияния изотерапии на развитие воображения у детей дошкольного возраста (4-6 лет), что обусловлено растущим интересом к данному методу в работе с дошкольниками. Изотерапия рассматривается как эффективный инструмент для раскрытия творческого потенциала и развития воображения.

В рамках исследования изучались когнитивные процессы (воображение, мышление, креативность) и оценивалась эффективность проективных методов с использованием методики Дж. Рензулли "Новое направление в творчестве". В исследовании приняли участие 30 дошкольников, результаты которых были подвергнуты качественному анализу.

Результаты показали, что программа изотерапии положительно влияет на развитие воображения и креативности детей. Изотерапия стала не только психодиагностическим, но и развивающим средством, способствующим совершенствованию коммуникативных навыков, саморегуляции, эмоциональной сферы, комплексному обдумыванию решений и демонстрации достижений. Кроме того, метод позволяет выявлять личностные и семейные проблемы ребенка.

Было установлено, что групповая изотерапия более эффективна, чем индивидуальная, что объясняется активизацией творческого потенциала детей через взаимодействие и обмен идеями.

Исследование имеет теоретическую и практическую значимость, поскольку результаты могут быть использованы педагогами-психологами, воспитателями и другими специалистами для комплексной работы с дошкольниками, а также для

внедрения новых методов поддержки их творческого и познавательного развития. Это поможет специалистам в совершенствовании их профессиональной деятельности.

**Ключевые слова:** *арт-терапия; изотерапия; воображение; методы арт-терапии; психология развития, творчество, креативность; дошкольный возраст.*

**Аңдатпа**

**Мектеп жасына дейінгі балалар қиялының танымдық процесі дамуына  
изотерапия әсері**

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты 4-6 жастағы мектепалды даярлық тобы балаларының қиялын дамытуға изо-терапияның әсерін зерттеу. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалармен изо-терапиялық әдістерді қолдануға деген қызығушылықтың артуы зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Изо-терапия баланың шығармашылық әлеуетін ашуға көмектеседі және мектепке дейінгі кезеңде қиялды дамытудың маңызды құралы болып табылады. Зерттеу барысында мектеп жасына дейінгі балалардың қиял, ойлау, креативтілік сияқты танымдық процестері зерттеліп, проективті әдістерді қолдану арқылы 4-6 жастағы балалармен жұмыс жасаудың тиімділігі анықталды. Зерттеу мақсатына жету үшін Дж. Рензуллидің «Шығармашылықтағы жаңа бағыт» әдістемесі қолданылды. Бұл проективті әдіс психодиагностикалық және дамытушы құрал ретінде пайдаланылды. Зерттеуге жалпы саны 30 мектепалды даярлық тобының балалары қатысып, нәтижелер сапалық тұрғыдан зерттелді. Зерттеу барысында қиялды дамыту арқылы балалардың креативтілік, ойлау, қабылдау сияқты басқа да процестерінің дамуына көңіл бөлінді.

Зерттеу қорытындысы изо-терапия бағдарламасы балалардың қиялын дамытып, креативтілігін арттыруға оң әсер ететінін дәлелдеді. Изо-терапия әдісі мектепке дейінгі жастағы балалардың қарым-қатынасын жақсартуға, өзін-өзі реттеу, эмоциялық өрісін дамытуға, шешімді жан-жақты қарастыруға, оқу үдерісінде жетістіктер көрсетуге, сондай-ақ зерттеуші үшін баладағы тұлғалық, отбасылық мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретін психодиагностикалық және дамытушы құрал болды. Зерттеу нәтижесінде изо-терапияны қиялды және креативтілікті дамыту үшін топтық форматта қолдану жеке форматқа қарағанда тиімдірек екені дәлелденді. Топтық жағдайда

балалардың шығармашылық қабілеттері айтарлықтай жақсарып, сапалық көрсеткіштері өсті. Бұны балалардың өзара әрекеттесуі, идея алмасуы және бір-бірінен шабыт алуы арқылы шығармашылық белсенділігінің артуымен түсіндіреміз.

Зерттеудің теориялық және практикалық тұрғыдан маңызы зор, өйткені педагог-психологтар, тәрбиешілер және басқа да мамандар бұл әдістерді мектеп жасына дейінгі балалармен жан-жақты жұмыс мақсатында қолдана алады және балалардың шығармашылық және когнитивтік дамуын қолдау үшін жаңа әдістерді енгізу қажеттілігін түсінеді, ол мамандарға өз кәсіби қызметін жетілдіруге көмектеседі.

**Түйінді сөздер:** *арт-терапия; изо-терапия; қиял; арт-терапия әдістері; даму психологиясы, шығармашылық, креативтілік; мектепке дейінгі жас.*

## Мазмұны

<b>ДЕКЛАРАЦИЯ</b> .....	<b>i</b>
<b>Abstract</b> .....	<b>ii</b>
<b>Аннотация</b> .....	<b>iv</b>
<b>Аңдатпа</b> .....	<b>vi</b>
<b>1 Бөлім: Кіріспе</b> .....	<b>1</b>
Мәселені қою .....	3
Тақырыптың өзектілігі .....	4
Зерттеу мақсаты .....	8
Зерттеу объектісі .....	8
Зерттеу пәні .....	8
Міндеттері .....	8
Зерттеудің теориялық маңызы .....	8
Зерттеудің тәжірибелік маңызы .....	9
Зерттеу болжамы .....	9
Зерттеу сұрағы .....	9
Зерттеу әдістемесі .....	9
<b>2 Бөлім: Әдебиеттерге шолу</b> .....	<b>10</b>
Теориялық негізі .....	10
Қиял және оның мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуындағы рөлі ....	13
Қиялды зерттеудің психологиялық және педагогикалық тәсілдері .....	18
Изотерапияның психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері .....	23
Изотерапия элементтерін қолдану арқылы баланың танымдық процестерін диагностикалау және дамыту .....	27
Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын зерттеуде проекциялық әдістерді қолдану ерекшеліктері .....	30
<b>3 Бөлім: Әдістеме</b> .....	<b>36</b>
Әдістеме және іріктеу .....	36
Әдістің сенімділігі .....	37
Зерттеу нысаны .....	38

Зерттеу барысы.....	38
Мәліметтерді жинау әдістері.....	38
Сапалық талдау критерилері.....	40
<b>4 Бөлім: Зерттеу нәтижелері .....</b>	<b>44</b>
Біріншілік өлшем.....	45
Қысқаша тұжырымдар:.....	47
Қорытынды өлшем.....	76
Зерттеу нәтижесінде алған қорытындылар.....	79
Зерттеу нәтижесінде алған қорытындылар.....	79
Зерттеудің шектеулері.....	81
Қорытынды .....	81
<b>Әдебиеттер тізімі .....</b>	<b>83</b>
<b>Қосымша А.....</b>	<b>90</b>

## 1 Бөлім: Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы органы ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі кезең — баланың танымдық дамуының ең қарқынды және маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл жаста қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау және қиял секілді негізгі танымдық психикалық процестер қарқынды дамып, өзара байланыста жетіле бастайды. Танымдық процестердің қалыптасуы баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін жеңілдетіп, оның танымдық белсенділігі мен зерттеушілік қызығушылығын арттырады. Баланың зейінінің тұрақтылығы, есте сақтау қабілетінің көлемі, логикалық және бейнелік ойлау қабілеттері неғұрлым ерте қалыптасса, соғұрлым ол болашақ оқу әрекетіне психологиялық тұрғыдан жақсы дайындалады. Сонымен қатар, қиял мен елестету қабілеттерінің дамуы шығармашылық әлеуеттің негізін қалайды және баланың эмоциялық жай-күйімен тығыз байланысты (Вараева, М.Қ., 2014).

Л.С. Выготскийдің теориясына сәйкес, қиял – баланың психикалық дамуының маңызды компоненті болып табылады, себебі ол шығармашылық ойлаудың негізі болып саналады. Мектепке дейінгі кезеңде қиял мен ойын, сондай-ақ тілдің тығыз байланысы баланың дүниетанымын кеңейтеді. Бұл кезеңде балалар әртүрлі өмірлік жағдайларды модельдеп, оларды өз қиялында жүзеге асыру арқылы әр түрлі мәселелерді шешуге үйренеді. Выготскийдің пікірінше, қиялдың дамуы мектепке дейінгі жаста баланың нақты-әрекеттік ойлаудан абстрактілі ойлауға көшуді жеңілдетеді. Қиял баланың абстракцияны түсіну қабілетін арттырып, оның ойлау процесінің икемділігін дамытады, бұл мектепке дайындықтың маңызды кезеңі болып

табылады (Выгосткий , 1982). Мақалада баяндалған зерттеулерге сәйкес, 5-6 жастағы балалардың көпшілігінде өнімді қиял деңгейі төмен екендігі анықталған. Бұл жағдай мектепке дейінгі жаста қиялды дамыту бойынша жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізу қажеттігін айқындайды. Себебі, баланың қиял қабілетінің төмен деңгейде болуы оның шығармашылық ойлауын дамытуда кедергі келтіреді. Сондықтан баланың қиялын дамыту үшін арнайы педагогикалық әдістер мен тәсілдер қолдану маңызды. Мұндай жұмыс баланың ойлау дағдыларын, өзін-өзі білдіру қабілетін және шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. (Almazova et al., 2023)

Изотерапия – балалардың психологиялық жағдайын түзету және олардың жеке тұлғалық дамуын ынталандырудың тиімді тәсілдерінің бірі. Бұл әдіс бейнелеу өнерін пайдалана отырып, балалардың қиялын дамытуға, эмоциялық теңгерімді қалыптастыруға және моторикасын жетілдіруге бағытталған. Изотерапия балаларға өз ойлары мен сезімдерін шығармашылық түрде білдіруге мүмкіндік береді, бұл оларды өз эмоцияларымен жұмыс істеуге, өзін-өзі танып білуге және ішкі күйзелістерін жеңуге үйретеді. Сонымен қатар, изотерапияның әсерінен баланың танымдық қабілеттері мен моторикасы да дамиды, себебі бейнелеу өнері балалардың қолдың ұсақ моторикасын жақсартады және шығармашылық ойлауын ынталандырады. Бұл әдіс баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, эмоциялық және әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді (Madalievа Z.B. et al., 2020).

Изотерапия – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға және олардың тұлғалық дамуына ықпал ететін психологиялық түзету әдісі. Ол баланың эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге бағытталған. Изотерапия баланың қиялын, өзін-өзі тануын және өз эмоцияларын дұрыс түсіну мен білдіру қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс баланың ішкі дүниесін

айқындап, оның психологиялық күйін жақсы түсінуге және жеңілдетуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, балалардың өздерін еркін және шығармашылық тұрғыда білдіруге мүмкіндік берген сайын, олардың тұлғалық даму процесін қолдайды. Изотерапия мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық дамуын арттыруға маңызды құрал болып табылады, себебі ол балаларға өздерінің эмоцияларымен және шығармашылық әлеуеттерімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. (Forseeva I.V., 2019).

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, мектеп жасына дейінгі балалық шақ — тұлғаның алғашқы нақты қалыптасу кезеңі, мұнда психикалық функциялар мен танымдық қабілеттер қарқынды дамып, күрделі әрекеттердің негізі қаланады. Изотерапия дәстүрлі сурет салу әдістеріне негізделмей, балаға ойын арқылы шығармашылықты дамытуға мүмкіндік береді. Ойын баланың дамуындағы жетекші қызмет болып, әлеуметтік қарым-қатынас, нормалар мен ережелерді меңгеру, қоғамдағы әрекеттер мен стандарттарды үйрену арқылы жүзеге асады, бұл А.Н. Леонтьевтің әрекетке негізделген теориясына сәйкес келеді (Leont'ev A.N., 2020).

### **Мәселені қою**

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуын тиімді жүзеге асыру — білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Әсіресе, қиялды дамыту баланың шығармашылық ойлауына, танымдық белсенділігіне және эмоционалдық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Дегенмен, дәстүрлі әдістердің шектеулілігі мен жеке ерекшеліктерді ескермейтін тәсілдер кей жағдайда балалардың қиялын толыққанды дамытуды қамтамасыз ете алмайды. Осы тұрғыда, изотерапияны (бейнелеу өнері арқылы терапия) қолдану — мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын дамытуда тиімді құрал ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда бұл әдістің танымдық процеске, әсіресе қиялдың дамуына әсер ету механизмдері әлі де жеткілікті зерттелмеген. Сондықтан осы мәселені ғылыми негізде қарастыру, изотерапияның

нақты ықпалын анықтап, оны мектепке дейінгі ұйымдарда жүйелі қолдану жолдарын табу – өзекті ғылыми-практикалық мәселе болып отыр.

### **Тақырыптың өзектілігі**

Мектепке дейінгі кезең баланың жеке тұлғасы мен әлеуметтік қабілеттерінің қалыптасуы үшін ерекше маңызға ие. Бұл кезеңде бала өзінің алғашқы дағдыларын, әлеуметтік қатынастарды түсіну мен дамытуға қажетті қасиеттерді меңгереді. Бұл уақытта жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуы мен шығармашылық әлеуеті қалыптасатындықтан, мамандардың әрбір баланың қызығушылығын, қажеттіліктері мен дара ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие мен даму процесін ұйымдастыруы өте маңызды. Осы кезеңде балалардың қабілеттері мен дағдыларының тиімді дамуы үшін арнайы әдістемелер мен тәсілдер қолданылады. Ф.Н. Жұмабекова өзінің зерттеулерінде ақыл-ой тәрбиесінің баланың ойлау қабілетін дамытуға, интеллектуалдық санасының қалыптасуына, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға және ой еңбегі мәдениетін жетілдіруге бағытталғанын көрсетеді. Ақыл-ой тәрбиесі балаларға тек білім беру емес, олардың ойлау және танымдық процестерін дамытуға мүмкіндік беру керек. Бұл процесс баланың жүйелі түрде ақыл-ой әрекеттерін орындауға, өз пікірін қалыптастыруға және дұрыс шешімдер қабылдауға қабілетті болуына көмектеседі. Сонымен қатар, ақыл-ой тәрбиесі балалардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені бұл оларды әлемді логикалық, ғылыми тұрғыдан түсінуге және талдауға үйретеді. Ф.Н. Жұмабекова атап өткендей, ақыл-ой тәрбиесінің басты мақсаты – баланың дүниетанымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру, сөйтіп, оларды болашақта қоғамда өз орнын табуға дайын етіп тәрбиелеу (Zhumabekova, F.N., 1998).

Педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов өз еңбектерінде тәрбиешінің тұлғалық сапаларын дамыту мен тәрбие беру процесінде өзіне қойылатын талаптарды ерекше

атап өткен. Аймауытовтың пікірі бойынша, бала тек сөзбен емес, сонымен бірге іс жүзінде көргенінен көп нәрсе үйренеді. Осы себепті, тәрбиеші балаларға тек теориялық білім ғана беріп қоймай, өзінің мінез-құлқымен, әдеттерімен, өмірлік ұстанымдарымен де үлгі болуы керек. Баланың адамгершілік қасиеттері мен жақсы әдеттерді игеруі үшін тәрбиешінің өзі оларға өнегелі болу керек. Бұл жерде Аймауытов тәрбие мен білім берудегі басты факторлардың бірі ретінде тәрбиешінің жеке тұлғалық қасиеттерін және оның балаларға үлгі бола білуін көрсетеді. Бала үшін тәрбиешінің іс-әрекеті мен сөйлеу мәнері, оның қарым-қатынасы мен қатынасы маңызды рөл атқарады. Аймауытовтың тұжырымдаулары бойынша, балалардың тәрбиесі мен дамуы көбіне олардың айналасындағы адамдардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасына тәуелді болады. Осылайша, тәрбиеші өзін-өзі тәртіпке келтіріп, жоғары моральдық және этикалық стандарттарды ұстануы қажет. Бұл бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктің маңыздылығын айқындайды, себебі бала тәрбиешісінен көргенін көшіріп, өз өміріне енгізеді (Аймауытов Zh., 1995).

Мақалада зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазіргі мектеп жасына дейінгі балалардың қиялының даму деңгейі жеткіліксіз деңгейде қалып отырғаны байқалады. Атап айтқанда, балабақшаның жоғарғы тобында білім алатын балалардың шамамен жартысынан астамында өнімді қиялдың даму деңгейі төмен болып шықты. Бұл көрсеткіш балалардың шығармашылық тапсырмаларды орындауда стандартты, шаблондық ойлау тәсілдеріне жиі жүгінетінін және жаңа, бірегей бейнелер мен сюжеттер құруда қиындық көретінін көрсетеді. Зерттеу барысында тек 5%-ға жуық баланың қиял даму деңгейі жоғары деп бағаланды, бұл шығармашылық әлеуеттің толық ашылуы мен танымдық процестердің үйлесімді жетілуі үшін арнайы педагогикалық жағдайлар мен әдістемелер қажет екенін айғақтайды. Сонымен қатар, зерттеу шеңберінде 5–6 жас аралығындағы балаларда қиялдың алты түрі анықталды,

бұл жастағы балалардың бейнелі-ассоциативтік ойлауы мен фантазиялық белсенділігі біртіндеп күрделене түсетінін білдіреді. Қиялдың даму деңгейін бағалау үшін О.М. Дьяченко ұсынған екі негізгі параметр – «суреттелген» бейнелердің сапалық жағынан даму деңгейі және олардың түпнұсқалығы (оригиналдылығы) – алынған. Бұл әдіс балалардың шығармашылық тапсырмаларға жауап беруіндегі бейнелі елестетудің нақтылығы мен бірегейлік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Алайда, зерттеу шеңберінде қиялдың икемділігі (жағдайға байланысты жаңа идеялар құру қабілеті) мен түпнұсқалық коэффициенті (идеялардың бірегейлік жиілігі) есепке алынбаған. Бұл шектеулер зерттеу нәтижелерінің толықтығына белгілі бір деңгейде ықпал етуі мүмкін. Сондықтан болашақ зерттеулерде қиялдың кешенді құрылымын ескеретін көпфакторлы әдістемелерді қолдану ұсынылады. Мұндай тәсіл мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін терең әрі жан-жақты талдауға мүмкіндік береді (Almazova et al., 2023).

Бұл зерттеу жұмысында мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуда дәстүрден тыс сурет салу тәсілдерінің тиімділігі кеңінен талданған. Жіп, көкөніс іздері, мыжылған қағаз, тұз, майшам және акварель бояулары сияқты түрлі материалдармен жұмыс істеу балалардың бейнелеу іс-әрекетіне деген ынтасын арттырған. Зерттеу қорытындысы бойынша, балалардың 80–90%-ында шығармашылық ойлау деңгейі өсіп, олардың қиялы күшейіп, өз бастамаларын еркін білдіру қабілеті артқаны байқалған. Мұндай әдістер баланың сезімдік тәжірибесін байытып, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Осыған орай, дәстүрлі емес сурет салу әдістері мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуын қолдайтын тиімді педагогикалық амал ретінде қарастырылады (E.N. Azletskaya. et al., 2024).

Джозеф Рензулли шығармашылық қабілеттерді зерттеу барысында «өнімді қиялды» (productive imagination) креативтіліктің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, өнімді қиял — бұл жаңа, ерекше және әлеуметтік маңызы бар идеялар мен шешімдерді ойлауға мүмкіндік беретін қиял түрі. Рензулли бұл қабілетті шығармашылық ойлаудың белсенді және мақсатты процесі ретінде сипаттайды, ол тек елестетумен шектелмей, нақты нәтижеге немесе идеяға бағытталады. Рензуллидің үшфакторлы дарындылық моделінде өнімді қиял «шығармашылық», «жоғары мотивация» және «ортадан жоғары қабілеттер» секілді үш құрамдастың бір бөлігі ретінде танылады. Өнімді қиял балалардың мәселелерді дәстүрлі емес жолмен шешу, әдеттен тыс ойлау және балама көзқарастар ұсыну қабілетін көрсетеді. Бұл қасиет мектепке дейінгі жаста дамып, арнайы назар мен қолдауды талап етеді (Renzulli, J. S., 2022).

Изотерапияның шығармашылықты дамытудағы әлеуеті ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанымен, бұл әдістің толық мүмкіндіктері мен ұзақ мерзімді әсерлері әлі де жан-жақты зерттелуді қажет етеді. Қазіргі уақытта изотерапия көбіне тек коррекциялық мақсатта, яғни гиперактивті, эмоционалдық тұрақсыз немесе даму ерекшеліктері бар балалардың күйзеліс деңгейін төмендету және олардың психоэмоционалдық жағдайын жақсарту үшін қолданылады. Бұл тәсілдің басты артықшылығы — баланың ішкі күйзелістерін вербалды емес түрде, яғни сурет немесе басқа бейнелеу құралдары арқылы білдіру мүмкіндігі. Дегенмен, шығармашылық ойлауды, қиялды және когнитивті икемділікті дамытудағы рөлі туралы эмпирикалық деректер шектеулі және жүйеленбеген. Сондықтан, изотерапияны тек түзету әдісі емес, тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жан-жақты әдістеме ретінде қарастырып, кең ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу өзекті болып отыр. (Kalashnikova, O.V., 2018).

### **Зерттеу мақсаты**

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процесі қиялдың дамуына изотерапияның әсерін зерттеу.

### **Зерттеу объектісі**

Мектеп жасына дейінгі 6 жас мектепалды тобы балаларының танымдық процесі қиял.

### **Зерттеу пәні**

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процесі қиялдың дамуына изотерапия бағдарламасының әсерін зерттеу.

### **Міндеттері**

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың изотерапия бағдарламасын қолдану барысындағы танымдық процесі қиялдың дамуына теориялық тұрғыда талдау.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қиял процесін бағалау әдістемесін және дамытушы құрал ретінде изотерапия бағдарламасын әзірлеу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын дамыту бағдарламасын тәжірибелік түрде тексеру.
4. Бақылау тобы ретінде изотерапия өтпеген балалармен изотерапия өткен балалардың танымдық процесстерінің нәтижелерін талдап, салыстыру.

### **Зерттеудің теориялық маңызы**

Мәселенің көп қырлы сипатына сәйкес келеді. Олар тұлғаның танымдық процесстерінің дамытушы құралы ретінде изотерапиялық әдістерді негізге ала отырып, философиялық, әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалар мен теорияларды қамтиды. Бұл негіздер көрнекті отандық және шетелдік философтардың ауқымды жұмысына негізделген.

### **Зерттеудің тәжірибелік маңызы**

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процесстері қиялдың дамуына изотерапияның әсерін зерттеу үшін нормативтік және практикалық негізге сүйенеді. Бұл зерттеу қатысушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін этикалық және құқықтық стандарттарға сәйкес келеді. Сондай-ақ оның мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагог- психолог, тәрбиеші мамандарға изотерапия арқылы танымдық процесстерінің дамуына көмектесетін тиімді стратегияларды ұсынуға бағытталған практикалық салдары бар.

### **Зерттеу болжамы**

Зерттеу мәселесін, мақсаты мен зерттеу пәнін ескере отырып, келесі зерттеу гипотезасы тұжырымдалды:

Изотерапиялық бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процесі қиялды дамытуға оң әсер етеді.

### **Зерттеу сұрағы**

- 1.Изотерапиялық бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың қиялының дамуына қалай әсер етеді?
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын дамыту үшін изотерапияның қандай түрін қолдану тиімді болып табылады?

### **Зерттеу әдістемесі**

Осы зерттеуде мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын дамытуға изотерапияның ықпалын анықтау мақсатында Дж. Рензуллидің «Шығармашылықтағы жаңа бағыт» әдістемесін алдық. Бұл әдістеме балалардың шығармашылық қабілеттерін, әсіресе қиял ұшқырлығы мен танымдық белсенділігін бағалауға бағытталған.

## 2 Бөлім: Әдебиеттерге шолу

### Теориялық негізі

Мектеп жасына дейінгі 4-6 жас аралығындағы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту адамның жалпы мәдени, тұлғалық өсуін оңтайландыру және жетілдіру мақсатында қолданады. Қазіргі қарқынды даму заманында қоғамның маңызды бөлігі ретінде адамға қойылатын талаптар өсуде. Ол білім, білік, дағдыларды меңгеруден бастап, білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға дейін үйрену қабілеті. Бұл жаңа талаптардың сақталуына және балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың жаңа тәсілдерінің пайда болуына және танымдық процесі ретінде ойлаудың қарапайымнан күрделіге көшу динамикасына әкелді. Таным ойлаудың сенсорлық негізін құрайтын сезімдер мен қабылдауларда шындықты көрсететін мидан басталады (Qulzhanova N., 1923).

Қиял - мектеп жасына дейінгі балалардың, әсіресе шығармашылық ойлау мен өзін-өзі таныту негіздері қалыптасатын 4-6 жастағы балалардың танымдық және эмоционалдық дамуында өте маңызды. Қазіргі зерттеулер балалардың қиялын және эмоционалдық реттелуін ынталандыру үшін арт-терапия сияқты шығармашылық әдістердің қажеттілігін көрсетеді. Арт-терапия баланың қиялын дамытуға, өз ойын шығармашылық тұрғыда жеткізуге, эмоционалдық тәжірибесін өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс балаларға өзін еркін сезініп, ішкі әлемімен байланыс орнатуға көмектеседі. Әсіресе изотерапия, музыка терапиясы, драматерапия сияқты бағыттар баланың танымдық және эмоционалдық процестерін кешенді түрде дамытуда тиімді. Изотерапия баланың шығармашылық қиялын белсендіруге ғана емес, сонымен қатар оның эмоцияларын бейнелеу қабілетін жақсартуға ықпал етеді. Сурет салу процесінде балалар өз уайымдары мен қуаныштарын түсінуге және қабылдауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бұл әдіс коммуникативтік дағдыларды дамытуға және өзін-өзі тануға

жағдай жасайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және эмоционалды дамуын зерттеуде арт-терапияның ғылыми және практикалық маңыздылығы жоғары, сондықтан бұл бағытта одан әрі зерттеулер жүргізу қажеттілігі артып келеді (Fernando, F., Trimulat, T., & Safitri, I, 2024)

«Жалпыға арналған арт терапия кітабында» арт-терапияның теориялық негіздері мен практикалық қолданысын, әсіресе изотерапияны тереңірек қарастырады. Арт-терапияның қалыптасу тарихы, психологиялық және педагогикалық тұғырлары, сондай-ақ оның түрлері, әсіресе изотерапияның орны мен маңыздылығы талқыланады. Изотерапияның шығармашылық сурет салу арқылы жүзеге асырылатын арт-терапияның бір түрі ретіндегі ерекшеліктері, баланың психикасына әсері, танымдық қабілеттерін дамытудағы рөлі және эмоционалды жағдайды реттеудегі тиімділігі сипатталады. Арт-терапияда қолданылатын әртүрлі жаттығулар мен техникалар, әсіресе изотерапияға бағытталған сурет салу, бояу және басқа да шығармашылық тәсілдер арқылы баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік жасау жолдары қарастырылады. Изотерапияның әртүрлі психологиялық мәселелерді шешудегі, әсіресе балалар мен жасөспірімдермен жұмыс істеудегі ерекшеліктері, әлеуметтік, эмоционалды және когнитивті дамудың әр түрлі кезеңдеріндегі қиындықтарды жеңілдетуге арналған нақты мысалдар келтіріледі (Madaliova Z.B. et al., 2020).

Бапаева бойынша, мектепке дейінгі балалық шақ кезеңін жеке тұлға ретінде қалыптасуы, мінез құлығының және жеке қалауларының дамуының алғашқы кезеңі ретінде қарастыра аламыз. А.Н.Леонтьев болса, тұлғаның жеке мотивтеріне мән береді, яғни олар иерархиялы және бір біріне бағыныңқы болады деп тұжырымдайды. Мектепке дейінгі балалық шақты бөбек шағының аяқталып ересектен бөлініп, жаңа

қарым қатынасқа өту шағы деп алсақ, бұл қарым қатынасты жағдаяттан тыс танымдық, жағдаяттан тыс жеке деп қарастырсақ болады (Вараева М.Қ., 2014).

Соңғы бірнеше онжылдықта арт-терапия әдістемесі Қазақстанда білім беру және психологиялық практика салаларында кеңінен қолданыла бастағаны байқалады. Бұл бағыт қазіргі таңда тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу, эмоционалды тұрақтылықты нығайту, психикалық денсаулықты сақтау және түзету жұмыстарында тиімді құрал ретінде қарастырылып келеді. Арт-терапия әдістерінің ғылыми негізделуі мен тәжірибелік қолдану аясының кеңеюі отандық педагогтар мен психологтардың назарын аударып отыр. Қазақстандық ғалымдар бұл саладағы зерттеулерге белсенді түрде үлес қосып келеді. Атап айтқанда, Т.С. Жанярова арт-терапияны тұлғаның ішкі ресурстарын жандандыру құралы ретінде қарастырса, И.А. Хаснулина бұл әдістің балалардың психоэмоционалдық дамуына әсерін зерттеген. Сонымен қатар, А.А. Кадочникова мен А.А. Сисенғалиева арт-терапия мен арт-педагогиканы білім беру процесіне кіріктіру жолдарын қарастырып, оны тәрбие мен оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудың құралы ретінде ұсынған. З.Б. Мадалиева болса, арт-терапияның диагностикалық және түзету мүмкіндіктерін, сондай-ақ оны мектепке дейінгі ұйымдардағы балалармен жұмыс барысында пайдаланудың әдістемелік негіздерін егжей-тегжейлі сипаттаған. Жалпы алғанда, арт-терапияның Қазақстандағы ғылыми-тәжірибелік дамуы бұл әдісті кешенді психологиялық-педагогикалық қолдаудың пәрменді құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (Suleimen M.M. et al., 2016).

Изотерапия саласындағы зерттеулер, әсіресе Л.С. Выготский мен А.В. Запорожецтің еңбектері, өнер мен шығармашылықтың адамның психологиялық дамуына және тұлға болып қалыптасуына әсерін зерттейді. Бұл зерттеулер көркем шығармашылық арқылы адамның эмоционалдық, танымдық және мінез-құлықтық

қасиеттерінің қалай өзгертінін түсіндіруге бағытталған. Арт-терапия әдістерінің психикаға әсер ету механизмдерін М.Е. Маркова, С.Х. Раппопорт, Л.Н. Столович, М.С. Қаған, Ю.Б. Боров, А.А. Карягин сияқты ғалымдар терең талдаған. Сонымен қатар, бейнелеу өнері психологиясы саласында З. Фрейд, К.Г. Юнг, Р. Арнгейм, Г. Рид, Э. Крамер, Э. Крис, М. Люшер секілді ғалымдар арт-терапияның теориялық негізін қалап, оның практикалық қолданысын кеңейтті. Бұл зерттеушілер өнер арқылы адамның ішкі әлемін түсіну және эмоционалдық тепе-теңдікті қалпына келтіру жолдарын көрсетті. Ашық түсті терапия, проективтік сурет салу және еркін шығармашылық әрекет психоэмоционалдық шиеленісті жеңілдетіп, адамның жалпы жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. (Bayanova L.F., & Khamatvaleeva D.G., 2022).

#### **Қиял және оның мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуындағы рөлі**

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуы ересек адамның таным процесінен ерекшеленетінін есте сақтауға міндеттейді. Бұл айырмашылық мектеп жасына дейінгі баланың әлі де дамып, қалыптасып келе жатқан танымдық процестерінің жетілмегендігімен байланысты. Ерте жастағы балаға өмірінің қысқа кезеңінде (бес-алты жыл ішінде) әлем туралы үлкен ақпарат жинауға, белсенді және толық өмір сүруге және оны шарлауға не мүмкіндік береді? Үлкендер әлемді ақыл-ойымен, кішкентай балалар эмоцияларымен түсінеді. Ересектер үшін ақпарат бірінші кезекте, қарым қатынас екінші болып табылады. Балалар үшін бұл керісінше: қарым қатынас негізгі, ақпарат екінші дәрежелі. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық саласын дамытуда, оның дүниетанымы мен тұлғасын қалыптастыру процесінде дүниені эмоционалды-сенсорлық тұрғыдан түсінудің маңызы ерекше. Баланың дүниеге деген көзқарасы оның өмір сүру барысында қалыптасады. Бұл процесте ересектер орасан зор рөл атқарады. Балалар әлеммен қарым-қатынас жасауды

ересектерден үйренеді, бәрін сеніммен қабылдайды және дәлелдеуді қажет етпейді (Nurbekova S., et al., 2023).

Мектепке дейінгі мекеменің білім беру бағдарламасы аясында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту барлық топтарда жүзеге асырылады: сенсорикалық жаттығулар, сенсомоторлы ойындар, ойыншықтар, құрастырмалы ойыншықтар, пазл және т.б. арқылы. Бірақ бұл үшін әдетте дидактикалық ойындар немесе оқуға жақын тапсырмалар сияқты құралдар қолданылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін изотерапияның маңызы бағаланбай жатады. Танымдық қабілеттерді дамытуға арналған сабақтарда изотерапияны қолдану балаларға өзін және қоршаған әлемді тануға мүмкіндік береді және оқу процесінде қолайлы атмосфераны құруға көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін изотерапия арқылы дамыту бізге мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі перспективалық бағыт болып көрінеді (Zhienbaeva S.N., 2002).

Л.С. Выготский өз тұжырымдамасында қиялды «шығармашылық әрекеттің» түрі ретінде қарастырады және оны мидың әртүрлі тәжірибелерді біріктіру қабілетімен байланыстырады. Осыған сәйкес, шығармашылық әрекет нәтижелері қиялдың «кристалданған» көрінісі ретінде көрінеді [8]. Зерттеушінің пікірінше, қиял мен шығармашылық белсенділіктің психологиялық механизмдерін түсіну үшін, ең алдымен, қиял мен шынайы өмір арасындағы өзара байланысты нақтылап алу қажет. Л.С. Выготский қиял мен шындық арасындағы өзара байланысты сипаттайтын төрт негізгі форманы анықтаған. Бұл формалар қиялдың шығармашылық әрекетпен тығыз байланысын көрсетеді. Біріншіден, қиял бейнесінің негізі – шынайы тәжірибе. Адамның кез келген қиял бейнесі нақты өмірден жинаған әсерлері мен жеке тәжірибесіне сүйене отырып жасалады. Яғни, қиял – шындықтың қайта өңделген, түрленген көрінісі. Екіншіден, қиял бейнесі – шындықтың бір бөлігі. Қалыптасқан қиял

бейнесі шығармашылық әрекет нәтижесінде пайда болып, адамның өмірлік тәжірибесінің құрамдас элементіне айналады. Осы бейнелер адамның шынайы қабылдауына әсер етеді. Үшіншіден, эмоциялық фактордың рөлі. Қиялдың белсенділігіне эмоциялар үлкен әсер етеді. Жаңа бейне жасауда бұрынғы тәжірибемен байланысқан эмоциялар қайта жанданып, шығармашылық процесті жандандырады. Төртіншіден, қиял арқылы мүлдем жаңа бейне жасау. Қиялдың көмегімен адам өз тәжірибесінде болмаған, шындықта кездеспеген, мүлде жаңа бейнелерді де құра алады. Бұл – қиялдың ең жоғары, шығармашылық деңгейі (Vygotsky, L. N. 1997).

М.В. Мунның «Бейнелі-логикалық ауысулар жеке тұлғаның шығармашылық ойлау механизмдерінің бірі ретінде» атты ғылыми зерттеуінде шығармашылық ойлаудың күрделі құрылымдық сипаттары терең талданады. Автор ойлау процесіндегі бейнелі және логикалық компоненттердің өзара ықпалдастығын жүйелі түрде қарастыра отырып, олардың адамның шығармашылық қабілетін қалыптастырудағы маңыздылығына ерекше назар аударады. Зерттеуде шығармашылық ойлаудың бейнелі-логикалық компоненттері арасындағы өзара байланыс, сондай-ақ логикалық және бейнелі ойлау түрлерінің арасында еркін ауысу қабілеті — яғни ойлау икемділігі — шығармашылық әлеуеттің негізі ретінде сипатталады. Мунның эмпирикалық талдауы арқылы тұлғаның ойлау құрылымына әсер ететін түрлі психофизиологиялық факторлар анықталған. Атап айтқанда, ойлаудың бейнелі және логикалық бөліктері, жеке тұлғаның интеллект деңгейі, темпераменттің жеке ерекшеліктері мен жүйке жүйесінің тұрақтылық қасиеттері арасындағы өзара байланыстар айқындалған. Бұл байланыстар шығармашылық процестің нейropsихологиялық және когнитивтік негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері шығармашылық ойлауды дамытуда бейнелі-логикалық ауысуларды мақсатты түрде жаттықтырудың маңызын

негіздеп, бұл бағытта қолдануға болатын психологиялық-педагогикалық әдістемелерді ұсынуға ықпал етеді. (Mun M.V., 2023).

Р.С. Немов қиялды адамның когнитивтік процестерінің маңызды элементі ретінде қарастырады. Ол қиялды визуалды-бейнелілік ойлаудың негізі деп атайды, себебі бұл адамға қоршаған ортада бағдар алуға және әртүрлі өмірлік жағдайларды ойша шешуге мүмкіндік береді. Қиял – бұл шындықты тікелей өзгерту мүмкіндігі болмаған жағдайда, адамның миындағы бейнелерді пайдаланып, практикалық мақсаттарға жету жолын айқындайтын ойлау түрі. Ғалымның пікірінше, қиял адамның сыртқы жағдайлармен қатар, ішкі әлемімен де өзара әрекеттесуін қамтиды, себебі ол қиын немесе мүмкін емес жағдайларда шешім қабылдауға ықпал етеді. Немов қиялдың адамның әлеуметтік және моральдық тұрғыдан қиын іс-әрекеттерді орындауына мүмкіндік беретін маңызды құрал екенін атап өтеді. Мысалы, нақты әрекет жасау мүмкіндігі шектеулі немесе қоғамдық, этикалық шектеулер болса, қиял адамның жағдайды ақылмен шешуіне және альтернативті шешімдер табуына көмектеседі. Осылайша, қиял адамның шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оның өз мүмкіндіктерін түсінуіне және әртүрлі жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдауына ықпал етеді ( Nemov R.S, 2001).

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуы ересек адамның таным процесінен ерекшеленетінін есте сақтауға міндеттейді. Бұл айырмашылық мектеп жасына дейінгі баланың әлі де дамып, қалыптасып келе жатқан танымдық процестерінің жетілмегендігімен байланысты. Ерте жастағы балаға өмірінің қысқа кезеңінде (бес-алты жыл ішінде) әлем туралы үлкен ақпарат жинауға, белсенді және толық өмір сүруге және оны шарлауға не мүмкіндік береді? Үлкендер әлемді ақыл-ойымен, кішкентай балалар эмоцияларымен түсінеді. Ересектер үшін ақпарат бірінші

кезекте, қарым қатынас екінші болып табылады. Балалар үшін бұл керісінше: қарым қатынас негізгі, ақпарат екінші дәрежелі. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық саласын дамытуда, оның дүниетанымы мен тұлғасын қалыптастыру процесінде дүниені эмоционалды-сенсорлық тұрғыдан түсінудің маңызы ерекше. Баланың дүниеге деген көзқарасы оның өмір сүру барысында қалыптасады. Бұл процесте ересектер орасан зор рөл атқарады. Балалар әлеммен қарым-қатынас жасауды ересектерден үйренеді, бәрін сеніммен қабылдайды және дәлелдеуді қажет етпейді (Nurbekova S., et al., 2023).

С.Л.Рубинштейннің, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.А.Богданова, В.С.Мухинаның өз еңбектерінде психикалық дамудың маңызды аспектілерінің бірі өзгерістер болып табылады, соның нәтижесінде бала тұтас қабылдаудан жеке заттар мен олардың қасиеттерін нақтырақ саралауға көшеді. Мектеп жасына дейінгі балада - эгоцентризм танымдық процесінің айрықша белгісі болып табылады. Бұл терминді психологияға Ж.Пиаже енгізген. Эгоцентристік позицияның негізі - адамның жалғыз еместігі, демек, өз позициясын жалғыз және абсолютті деп қабылдау. Мектепке дейінгі жастың ерекшелігі эгоцентристік сөйлеу құбылысы болып табылады, яғни сұхбаттасушыға емес, өзі үшін сөйлеу. Мектепке дейінгі жастағы ойлаудың дамуы эгоцентризмді жеңу және децентрацияны дамыту сызығымен жүреді. Орыс психологиясында Л.С. Выготскийдің адамның танымдық процестерінің жанама табиғаты туралы идеясы қарқынды дамыды. Адамның ойлауының қалыптасуы мен дамуының әйгілі теорияларының бірі – Ж.Пиаже жасаған теория. Ол көптеген мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық операцияларды орындау қабілетінің жоқтығын анықтады. Пиаже эксперименттік есептерді шығарды және оның дамуында балалардың ойлауы келесі төрт кезеңнен өтеді деген қорытындыға келді:

- 1) Сенсомоторлы интеллект кезеңі. Ол туғаннан 2 жасқа дейінгі өмір кезеңін қамтиды.
- 2) Операция алдындағы ойлау кезеңі. Бұл кезеңде 2 жастан 6 - 7 жасқа дейінгі балалар бар.
- 3) Нақты операциялардың сатысы. Бұл кезеңде балалар кіреді 7-8 жастан 11-12 жасқа дейін.
- 4) Ресми операциялар кезеңі. Оған 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі балалар кіреді.

Л.С.Выготский шамамен Дж.Пиаже айналысқан жас аралығындағы балалардың тұжырымдамасын дамыту процесін зерттеді.

Л.С.Выготский қалыптасудың келесі төрт кезеңін анықтады:

- 1) Синкретикалық ойлау кезеңі.
- 2) Күрделі ойлау кезеңі.
- 3) Псевдоконцепциялар кезеңі.

П.Я.Гальперин ойлауды дамытудың тағы бір теориясын ұсынды, ол оны психикалық әрекеттердің жоспарлы (кезеңдік) дамуы теориясы деп атады. Бұл теория материалдық объектілермен сыртқы, тәжірибелік әрекеттердің ішкі ұғымдармен психикалық әрекеттерге біртіндеп айналу процесін көрсетеді және ғылыми негіздейді.

Бұл процесс табиғи түрде келесі кезеңдерден өтеді:

1. Іс-әрекеттің индикативті негізін қалыптастыру кезеңі.
2. Іс-әрекетті сыртқы, кеңейтілген түрде, нақты материалдық заттармен орындау кезеңі.
3. Дауысты сөйлеу тұрғысынан қимылдарды орындау кезеңі.
4. Іс-әрекетті «өзіне» сөйлеу тұрғысынан орындау кезеңі. (Akulich A.A.,2020).

### **Қиялды зерттеудің психологиялық және педагогикалық тәсілдері**

Еуропалық стандарттарға сай психология ғылымының дамуы мектепке дейінгі балалармен жұмыс істейтін психологтарға жаңа міндеттер жүктейді. Балалардың оқу-

тәрбие процесін жақсарту, жарақаттанудың алдын алу және тұлғаның үйлесімді дамуы үшін психологиялық жұмыстарға баса назар аударылады. Сондықтан мектепке дейінгі балалардың ішкі дүниесін, сезімдерін және қиындықтарын анықтауға көмектесетін тиімді диагностикалық және түзету әдістерін жасау маңызды. Бұл бағытта кеңес беру және психотерапиялық әдістердің рөлі зор. Әсіресе, балалармен жұмыста проекциялық әдістердің маңызы жоғары, себебі олар балалардың шығармашылық қабілеттерін қолдануға және психологиялық жұмысты ойын түрінде жүргізуге мүмкіндік береді, бұл мектепке дейінгі балалар үшін өте қызықты. Проекциялық әдістер балаларға тікелей сұрақтар қоюдың орнына, олардың өз ойларын, сезімдерін және қорқыныштарын еркін түрде білдіруге мүмкіндік беретін жағдай жасайды. Бұл әдістерге сурет салу, ертегілер құрастыру, ойын терапиясы және басқа да шығармашылық тапсырмалар жатады. Балалар өздерінің шығармашылық жұмыстарында өздерінің ішкі әлемін бейнелейді, ал психолог бұл бейнелерді талдау арқылы баланың психологиялық жағдайы туралы ақпарат алады. Сонымен қатар, проекциялық әдістер балаларға өз сезімдерін қабылдауға және оларды басқаруға көмектеседі, бұл олардың эмоционалдық интеллектін дамытуға ықпал етеді. Осылайша, проекциялық әдістер мектепке дейінгі балалармен жұмыс істейтін психологтар үшін құнды құрал болып табылады, себебі олар балалардың психологиялық жағдайын түсінуге және оларға тиімді психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді (Sviatenko,2015)

И.В. Дубровина қиялды адамның психологиялық танымдық процесінің маңызды элементі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, қиял – бұл шындықты бейнелеу және қайта құру қабілеті. Ол қиялды жаңа бейнелерді қалыптастыру процесі ретінде сипаттайды, мұнда адам өткен тәжірибесіне негізделе отырып, жаңа шындыққа сәйкес келетін немесе оны өзгертуге бағытталған бейнелер жасайды. Бұл жаңа бейнелер

адамның іс-әрекетін алдын ала болжауға, түрлі жағдайларды ақылмен шешуге және шығармашылық шешімдер табуға мүмкіндік береді. Дубровина қиялдың тек бейнелер жасау процесімен шектелмейтінін, сонымен қатар осы бейнелер негізінде жаңа әрекеттер мен объектілерді құруды да қамтитынын атап өтеді. Бұл процесс адамның танымдық қабілеттерін жетілдірумен қатар, шығармашылық әлеуетін дамытуға да ықпал етеді. Қиялдың бұл қасиеті адамның өмірінде жаңа мүмкіндіктер ашып, түрлі шешімдер қабылдауға көмектеседі, әсіресе белгісіз немесе қиын жағдайларда. Сонымен, қиял – адамның психологиялық және когнитивтік дамуы үшін ерекше маңызды, себебі ол жаңа білімді өңдеуге, шығармашылық тұрғыда қолдануға және әлеуметтік жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді. (Dubrovina, I.V.,2005).

Зерттеу жұмысында 5 жастағы балалармен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижесінде олардың қиялының даму деңгейі анықталды. Қиялды бағалауға арналған О.М. Дьяченко әдістемесі қолданылды, онда балаларға геометриялық фигуралар немесе ұсынылған бейненің контуры бар карточкалардағы суреттерді талдау тапсырмасы берілді. Сонымен қатар, балаларға оқиғаны дамытуға арналған тапсырмалар, сурет салу техникаларын пайдалана отырып, құрылды. Зерттеу нәтижелері бойынша, тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа қатысқан балалардың 70%-ның қиялының даму деңгейі төмен екені белгілі болды. Көптеген балалардың (55%) сюжетті бейнелеуде қиындықтар туындады, яғни оқиғаның әрі қарай қалай жалғасатынын елестете алмады. 32%-да бейнелеу дағдысының жетіспеушілігі байқалды, яғни сурет салудың әртүрлі техникаларын қолдануда қиындықтар болды. 12%-да оқиғаны құрастыру мен сурет салу техникаларын пайдалану барысында мәселелер туындағаны анықталды, бұл қиял мен техникалық дағдылардың жеткіліксіз дамығанын көрсетеді. Бұл зерттеу балалардың қиялын дамытуға қатысты маңызды аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді және шығармашылық потенциалды

ынталандыру үшін осы салада қосымша жұмыс жүргізудің қажеттілігін айқындайды.

(Vjazova, A. V., & Smirnova, N. B. (2019).

Қиял адам санасында түрлі объектілер мен құбылыстардың бейнелерін қалыптастырумен байланысты және ол сананың жоғары функцияларының бірі болып табылады. Қиял адамның күнделікті өміріндегі әрекеттерде маңызды рөл атқарады, өйткені ол адамға жаңа бейнелер мен ойларды құруға, оларды алдағы әрекеттерге бейімдеуге мүмкіндік береді. Қиялды дамыту адамның шығармашылық қабілеттерін арттыруға әсер етеді. Бұл процесс көбінесе ерік күшін талап етпейді, өйткені қиял табиғатынан сананың еркін жұмыс істейтін аспекті болып табылады. Қиял сондай-ақ қабылдаумен тығыз байланысты. Қабылдау — бұл адамның сезім мүшелері арқылы сыртқы дүниеден келетін әсерлерді қабылдап, олардың негізінде ойлар мен бейнелерді қалыптастыру процесі. Қабылдау кезінде заттар мен құбылыстардың санамызда бейнеленуі жүзеге асады, яғни, сезім мүшелері арқылы алынған жеке әсерлер бір тұтас бейнеге біріктіріліп, адам санасында белгілі бір ой немесе түсінік қалыптасады. Бұл процесс барысында әртүрлі сезімдер біріктіріліп, жалпыланған және тұтас бейнелер пайда болады. Мысалы, адамның көзімен көрген, құлағы арқылы естіген немесе қолымен ұстап көрген нәрселердің барлығы қабылдау арқылы санада нақты бейнелерге айналады. Бұл бейнелер адамның ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі олар алдағы уақытта осы бейнелерді қайта жаңғыртуға немесе өзгертуге мүмкіндік береді, яғни қиял арқылы жаңа мүмкіндіктер ашылады. Сонымен, қиял мен қабылдау арасындағы байланыс адамның қоршаған ортаға дұрыс бағдарлауы мен оны түсінуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар, адамның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. (Leont'ev, A. N. 2020).

Психологтар Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн және А. В. Петровский қиялдың екі түрін – қайта жаңғыртушы және шығармашылық қиялды ажыратады. Бұл екі түр бір-бірімен әрдайым тығыз байланыста болмайды. Қайта жаңғыртушы қиял – белгілі бір заттың сөздік сипаттамасы немесе шартты бейнесіне сүйене отырып, оның бейнесін құру процесі. Ал шығармашылық қиял – бұл мүлде жаңа бейнелердің пайда болуы, мысалы, ертегі тыңдау немесе кітап оқу кезінде туындайтын, адамның өмірінде бұрын кездеспеген бейнелер. С. Л. Рубинштейн, А. В. Петровский және А. Я. Дудецкий бұл екі қиял түрін ерікті қиялға жатқызады. Ерікті, яғни адамның бақылауымен жүзеге асатын қиял белгілі бір нәрсені жасауға деген ұмтылыстың нәтижесінде пайда болады. Бұл жағдайда бала өз мақсатына жету үшін қажетті бейнелерді есіне түсіріп, оларды белгілі бір тәсіл немесе құрал таңдау үшін қолданады. Осылайша, баланың ойында нәтижені алдын ала жоспарлау қабілеті дамиды. Мысалы, егер баладан ағаштың суретін салуын сұраса, ол өзінің қиялын пайдаланып, белгілі бір бейнені қайта жаңғыртады. Бала бұл бейнелерді сюжеттік ойындарда пайдалана отырып, қоршаған заттарды қолдана отырып, қиялындағы бейнелерін шынайы әрекетке айналдырады. Сонымен қатар, қиялдың тағы бір түрі – арман болып табылады. Арман – болашаққа бағытталған, мақсат қою, сол мақсатқа жету жолындағы әрекеттерді ойластыру мен жоспарлау процесі. Қиялдың қалған екі түрі – галлюцинациялар мен қиялға берілу еріксіз қиялға жатады. Бұл жағдайда бейнелер адамның есінде еріксіз пайда болады, мысалы, ұйқы кезінде немесе күндіз адамның бақылаусыз қиялға берілген сәтінде. Қиялға берілу көбінесе фантастикалық әлемде болуды білдіреді, онда нақты әрекеттерді жүзеге асыру мақсаты болмайды және ерік күшін қажет етпейді. (Petraytene, M. V. 2014).

Е. А. Кокорина «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қиялын дамыту» атты мақаласында (2022 ж.) балалардың шығармашылық қиялын дамыту

ерекшеліктерін талдайды. Бұл зерттеу отандық психологтар мен педагогтардың еңбектеріне, атап айтқанда, Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин, В. А. Крутецкий сынды ғалымдардың қиялды дамытудағы рөліне негізделген. Автор мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қиялының дамуы үшін ересек адамның ерекше қолдауына мұқтаж сезімтал кезең екенін атап өтеді. Осы кезеңде балалар жаңа әсерлерді ерекше қабылдайды және шығармашылық өзін-өзі білдіруге белсенді түрде қабілетті болады. Мақалада ересектердің рөлі – баланың бастамасын қолдау, шығармашылық материалдардың әртүрлілігі мен қиялды ынталандыратын орта ұйымдастыру арқылы ерекше көрсетіледі. Зерттеудің практикалық бөлімінде автор балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданылатын негізгі құралдар мен әдістерді талдайды. Сурет салу, мүсіндеу, конструкциялау, сюжетті-рөлдік ойындар сияқты әртүрлі қызмет түрлері арқылы қиялды белсендірудің маңызы айқындалады. Қорытындылай келе, автор шығармашылық қиялды дамыту үшін мектеп жасына дейінгі балалармен жүйелі жұмыс жүргізудің қажет екенін, сондай-ақ шығармашылық тапсырмаларды білім беру процесіне енгізу мен ересектердің белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтеді. (Kokorina, E. A. 2022)

### **Изотерапияның психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері**

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуына изотерапияның ықпалын зерттеу – қазіргі психология мен педагогика ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл әдістің салыстырмалы түрде жаңа болуы оның әлеуетін, тиімділігін және даму мүмкіндіктерін жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Балалармен жүргізілген тәжірибелік зерттеулер нәтижелері изотерапияның бірқатар маңызды аспектілерге оң әсер ететінін көрсетеді. Атап айтқанда, бұл әдіс балалардың эмоционалды тұрақтылығын нығайтуға, ішкі күйзеліс деңгейін төмендетуге, сондай-ақ шығармашылық қабілеттері мен қиялын дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, бейнелеу арқылы өзін еркін білдіру мүмкіндігі олардың зейін, ес, қабылдау, ойлау сияқты негізгі танымдық процестерінің белсендірілуіне жағдай жасайды. Осылайша, изотерапия балалар және ересектер үшін тек психоэмоционалдық реттеудің құралы ғана емес, сонымен қатар танымдық дамудың пәрменді әдісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Арт-терапия балаларға өз ойлары мен сезімдерін өнер арқылы еркін білдіруге мүмкіндік беретін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді, бұл олардың қиялын және эмоционалдық интеллектін дамытуға көмектеседі. Арт-терапияға қатысу балалардың эмоционалдық жағдайын жақсартады, күйзелісті азайтады және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, арт-терапия балаларға өз тәжірибелерін қайта қарауға және оларды шығармашылық тұрғыда өңдеуге көмектеседі. Балалар эмоциялар мен оқиғаларды сурет, мүсін, коллаж немесе басқа да өнер түрлері арқылы бейнелеу кезінде, олар өз ішкі әлемін тереңірек түсіне бастайды. Бұл әдіс балаларға күрделі эмоциялармен жұмыс істеуді үйренуге және оларды конструктивті түрде білдіруге мүмкіндік береді. Шығармашылық үдеріс балалардың өз-өзіне сенімділігін арттырады және олардың өзіндік "Менін" қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қиял мен шығармашылық белсенділікті ынталандыра отырып, арт-терапия баланың және ересектің танымдық процестерінің (зейін, ес, ойлау) дамуында маңызды рөл атқарады. Әсіресе топтық арт-терапия сессиялары балалар арасындағы өзара қарым-қатынасты жақсартады, командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады және құрдастарымен қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады. Мұндай тәжірибе балалардың эмоционалдық тепе-теңдігін сақтап, оларға күрделі әлеуметтік ортада өзін жайлы сезінуге көмектеседі (Revyakina, O, 2020)

"Отбасының кинетикалық суреті" - балалардың ішкі әлемі мен отбасылық қарым-қатынастарын түсінуге арналған әдістеме. Бұл әдіс балаларға өз ойлары мен

сезімдерін сурет арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Кітапта отбасының кинетикалық суретін қалай салу керектігі туралы егжей-тегжейлі нұсқаулар, қажетті материалдар мен әдістердің сипаттамасы бар. Авторлар алынған суреттерді әртүрлі аспектілерді ескере отырып талдауды ұсынады, мысалы, өлшемі мен түсі, эмоционалды өрнектер, кеңістікті пайдалану және т.б. (Burns & Kaufman, 2000)

Кітапта кинетикалық суреттердің мысалдары мен жағдайлық есептер беріліп, бұл әдісті тәжірибеде қалай қолдану керектігі және нәтижелерді қалай түсіндіру керектігі көрсетіледі. Отбасылық динамиканың балалардың эмоционалды жағдайы мен дамуына әсеріне ерекше назар аударылады, бұл мамандарға ықтимал проблемаларды анықтауға және оларды шешу жолдарын табуға көмектеседі. Кітапта балалармен және отбасылармен жұмыс істейтін мамандарға арналған практикалық кеңестер де бар. "Отбасының кинетикалық суреті" - балаларға және олардың отбасыларына психологиялық мәселелерді шешуге және салауатты отбасылық қарым-қатынастарды дамытуға көмектесетін мамандар үшін құнды ресурс. Сонымен қатар, кітапта әр түрлі мәдениеттердегі және отбасылық құрылымдардағы отбасылық қарым-қатынастардың ерекшеліктері талқыланады, бұл мамандарға әрбір нақты жағдайдағы нәтижелерді дұрыс түсіндіруге көмектеседі. Авторлар отбасының кинетикалық суретін басқа диагностикалық әдістермен қалай біріктіруге болатыны туралы кеңестер береді, бұл баланың психологиялық жағдайы туралы толыққанды түсінік алуға мүмкіндік береді (Burns & Kaufman, 2000)

А.Л.Венгердің "Психологиялық сурет бойынша тестілер: иллюстрациялық нұсқаулық" кітабы психологиялық диагностика мен зерттеуде сурет салу тесттерін қолдануға арналған. Кітапта тұлғаны, эмоцияларды, мотивацияны зерттеу және психологиялық проблемаларды анықтау үшін қолданылатын әртүрлі сурет салу әдістері сипатталады. Кітапта иллюстрациялар, мысалдар және әртүрлі сурет салу

тесттерін қолдану нұсқаулары, сондай-ақ олардың теориялық негіздері мен нәтижелерді түсіндіру әдістері түсіндіріледі. Бұл кітап психологиялық мәселелерді анықтаумен қатар, сурет салу әдістерін шығармашылықты дамыту және эмоционалдық тұрақтылықты жақсарту үшін қалай қолдануға болатынын түсіндіреді. Автордың әдістері психологтарға зерттеу барысында алынған мәліметтерді тереңірек талдауға және клиенттің жеке ерекшеліктерін жақсырақ түсінуге көмектеседі (Venger L.A., 2003).

Балаларға өз ойлары мен сезімдерін ешқандай шектеусіз еркін білдіруге мүмкіндік беретін интуитивті арт-терапия олардың шығармашылық ойлауы мен қиялын ынталандыруда әсіресе тиімді. Бұл тәсіл тек көркемдік дағдыларды дамытып қана қоймай, сонымен қатар баланың жалпы психоэмоционалдық жағдайын жақсартады. Интуитивті арт-терапия барысында балалар өздерінің ішкі әлемін тереңірек зерттеуге және өзіндік ерекшелігін ашуға мүмкіндік алады. Мұндай шығармашылық үдеріс барысында балалар қате жіберу қорқынышынан арылады, бұл олардың өзін-өзі білдіру еркіндігін арттырады. Сонымен қатар, бұл әдіс баланың өзін-өзі қабылдау деңгейін жақсартып, өзіне деген сенімділігін нығайтады. Интуитивті арт-терапияның бірегейлігі оның құрылымсыздығында. Балаларға белгілі бір тақырып немесе нұсқау берілмейді, бұл оларды өз қиялының жетегінде шығармашылықпен айналысуға ынталандырады. Бұл процесс кезінде балалар өз ойларын, сезімдерін және армандарын еркін зерттей отырып, эмоционалдық тәжірибесін реттеуді үйренеді. Аталған әдіс стресс пен алаңдаушылықты азайтуға, зейінділікті арттыруға және эмоционалдық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, интуитивті арт-терапия балаларға қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезінде туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Ол олардың өмірлік қиындықтарды оңай

қабылдап, өз әлеуетін толық жүзеге асыруына жағдай жасайды. (Brown, E. D., & Sax, K. L., 2013)

Бұл мақалада изотерапияның мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық күйіне оң әсері қарастырылған. Автор арт-терапия әдістерін, әсіресе сурет салу мен шығармашылық тапсырмаларды қолдана отырып, балалардың ішкі сезімдерін бейнелеуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, изотерапия мазасыздық пен агрессияны азайтып, эмоционалдық тұрақтылықты арттырады. Бұл әдіс баланың өзін-өзі тануына және сенімділігін нығайтуға ықпал етеді. Автор изотерапияны балабақшаларда түзету-дамыту жұмыстарының тиімді құралы ретінде ұсынады. (Balukonis Z.N., 2024).

#### **Изотерапия элементтерін қолдану арқылы баланың танымдық процестерін диагностикалау және дамыту**

Бұл зерттеу арт-терапияның мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық және еріктік саласын қалпына келтірудегі, теңестірудегі және психологиялық түзетудегі тиімділігін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында сандық технологиялардың өмірімізге дендеп енуіне байланысты балалардың мазасыздығын азайту, эмоционалдық реттеуді жақсарту және психикалық саулығын нығайту мәселелері қарастырылды. Арт-терапияның теориялық және практикалық қырлары зерттеліп, алынған нәтижелер цифрландыру жағдайында балаларды қолдаудың кешенді бағдарламаларын жасауда пайдалы болуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері бойынша мектепке дейінгі жастағы балалардың 60%-дан астамы әртүрлі деңгейдегі жағымсыз психикалық күйде екені анықталды. Изотерапия әдісін қолдану балалардың алаңдаушылығы мен агрессиясын азайтып, эмоционалдық реттелу мен өзін-өзі бақылау қабілетін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар, баланың шығармашылық әрекеті арқылы эмоцияларын тану және басқару дағдылары қалыптасып, эмпатия мен

жағымды қарым-қатынас орнай бастады. 40 сағаттық авторлық бағдарлама қауіпсіз, қолдаушы орта құру арқылы эмоционалдық интеллектті дамытуға көмектесті.

Нәтижесінде, изотерапия балалардың эмоционалдық жай-күйін жақсартудың тиімді әдісі ретінде өз нәтижелілігін дәлелдеді (Chevokina A.L., 2025).

А.А. Акуличтің мақаласында арт-терапия эмоционалдық және мінез-құлық ауытқулары бар балалармен жұмыс істеудің тиімді әдісі ретінде қарастырылады. Автор арт-терапияның балалардағы үрей мен агрессияны азайтып, эмоционалдық реттеуді жақсартып, эмпатия дағдыларын дамытуға көмектесетінін айтады. Әдістеме қауіпсіз және қолдау көрсететін орта құруды, шығармашылықтың әртүрлі тәсілдерін қолдануды және балаларды бейнелеу әрекеттері арқылы өз эмоцияларын түсінуге және басқаруға үйретуді қамтиды. Зерттеу нәтижелері цифрландыру жағдайында балалардың эмоционалдық жағдайын жақсартуда арт-терапияның пайдасы зор екенін дәлелдейді (Akulich A.A., 2020).

Мақалада И. Е. Декман мен А. В. Кислякова «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұялшақтығын арт-терапия арқылы жеңу» мәселесін қарастырады. Авторлар ұялшақтық ұғымына талдау жасап, оның баланың эмоционалдық дамуына әсерін сипаттайды және оны түзетуге бағытталған арт-терапиялық әдістерді (изотерапия, ертегі терапиясы, ойын терапиясы, түстермен және музыкамен терапия) қамтитын арнайы бағдарлама ұсынады. Зерттеу барысында Ессентуки қаласындағы №5 «Умка» балабақшасының балаларына ұялшақтық деңгейі бойынша диагностика жүргізілген. 24 сабақтан тұратын бағдарлама жүзеге асырылғаннан кейін балалардың жоғары деңгейдегі ұялшақтығы 56,3%-ға төмендеп, орта деңгейі 21,8%-ға, ал төмен деңгейі 31,2%-ға артқаны байқалды. Жалпы алғанда, арт-терапия әдістерін қолдану мектепке дейінгі балалардың ұялшақтығын азайтуда тиімді екенін көрсетті. Бұл тәсіл

олардың өз-өзіне деген сенімін арттырып, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді. (Dekman I.E. & Kislyakova A.V., 2020).

В.В. Утемовтың мақаласында балалардың шығармашылық қабілетін бағалау мәселесі қарастырылып, олардың стандартты емес ойлауын және жаңа шешімдер табуын талап ететін ашық тапсырмаларды қолдану ұсынылады. Әдістеме тиімділік, оңтайлылық, шешімнің ерекшелігі және күрделілігі сияқты төрт өлшемге негізделген бағалауды қамтиды. Зерттеу нәтижелері бұл тәсілдің балалардың шығармашылық деңгейін дәлірек анықтап, оның дамуына ықпал ететінін көрсетеді. Ұсынылған бағалау жүйесі мамандарға балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға көмектеседі (Utyomov, V. V., 2012).

Изотерапия – шығармашылық пен өнердің көмегімен жүзеге асатын терапевтикалық әдіс. Ол балалардың сурет салу, мүсіндеу, кескіндеме және басқа да шығармашылық әрекеттер арқылы өз ойларын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Бұл әдіс мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі ол баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, шығармашылық арқылы оның танымдық белсенділігін арттыруға бағытталады (Chernousova-Nikonorova, 2023).

Изотерапияны қолдану арқылы жүргізілетін танымдық қабілеттерді дамыту сабақтары балаларға шығармашылық ойлауды дамытып қана қоймай, сонымен бірге олардың әлеуметтік және эмоционалды дамуына да ықпал етеді. Бұл әдіс мектепке дейінгі білім беру саласында перспективалы бағыттардың бірі болып табылады және оны кеңірек қолдану балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Изотерапия саласы арт-терапиялық әдістер пайда болғаннан кейін көбірек зерттеулермен, тәжірибелік қолданумен және оның мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуына әсерін тереңірек түсінумен өзгерді. Изотерапия қызметі соңғы он жылда

дамыған елдерде ғана емес, біздің елімізде де артып келеді. Бұл қызметтер психикалық дамуында әртүрлі проблемалары бар балаларға немесе мүмкіндігі шектеулі балаларға да, ересектерге де психологиялық қолдау көрсету үшін өте тиімді және қажетті болып табылады (Chevokina, A.L., 2025).

М.В. Массанованың мақаласында арт-терапия мектепке дейінгі балалардың тұлғалық дамуына әсер ететін тиімді құрал ретінде қарастырылады. Мақаланың негізгі идеясы - арт-терапия мектепке дейінгі баланың толыққанды тұлғасын қалыптастыру құралы. Автор арт-терапия баланың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, оның эмоционалдық жағдайын жақсартады, өзіне деген сенімін арттырады, ішкі шиеленістер мен стресстен арылуға көмектеседі деп атап көрсетеді. Мақалада баланың өзін-өзі еркін көрсетуінің маңыздылығы атап өтіледі, бұл оған қатаң бағалау мен ережелерсіз өз ішкі күйі мен тәжірибесін көркем образдар арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Массанова әртүрлі материалдармен (гуашь, акварель, сия дақтары және т.б.) сурет салу сабақтарының эмоционалдық интеллектінің, коммуникативтік дағдылардың және өзін-өзі бағалаудың дамуына қалай әсер ететіні туралы нақты мысалдар келтіреді. Автор балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі көркемдік тәжірибенің маңыздылығын растайтын заманауи педагогикалық тәсілдер мен психологиялық теорияларға сілтеме жасайды. Қорытындылай келе, мақалада арт-терапия тек шығармашылықты дамыту әдісі ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі баланың тұлғасын психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызды бөлігі екендігі атап көрсетілген ( Massanova, M. V., 2015).

### **Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын зерттеуде проекциялық әдістерді қолдану ерекшеліктері**

Бұл мақалада психологиялық диагностикада қолданылатын проекциялық әдістерге шолу жасалады. Мақалада Роршах сия дақтарының сынағы, әңгімелеу және

сурет салу сынақтары сияқты пациенттердің психологиялық ерекшеліктерін талдау үшін қолданылатын әртүрлі проекциялық әдістер қарастырылады. Проекциялық психодиагностиканың даму тарихы, Герман Роршахтың сия дақтары сынағынан бастап қазіргі заманғы әдістерге дейін егжей-тегжейлі талқыланады. Проекциялық психодиагностиканың теориялық негіздері және оның клиникалық тәжірибеде қолданылуы, соның ішінде психопатологияны анықтаудағы тиімділігі бағаланады, әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері зерттеледі. Авторлар өз тәжірибесінен алынған мысалдарды келтіре отырып, әртүрлі психологиялық проблемалары бар науқастарды диагностикалау және емдеудің жеке жоспарларын әзірлеу үшін проекциялық әдістерді қалай қолдануға болатынын көрсетеді. Осы әдістерді қолдану арқылы психологтар баланың немесе жасөспірімнің ішкі жан дүниесін тереңірек түсініп, олардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес көмек көрсете алады. Кітап нақты жағдайлардан алынған мысалдармен толықтырылып, қолдануға оңай болатын ұсыныстар мен әдістемелерді қамтиды (Ебу, 2021)

Бұл кітап - балалар мен жасөспірімдерді диагностикалау және емдеу кезінде проекциялық әдістерді қолдануға арналған ғылыми шолу. Онда сурет салу, жазу, сөйлесу және ойын ойнау сияқты әртүрлі тәсілдер арқылы балалар мен жасөспірімдердің психологиялық процестеріне проекцияның әсері қарастырылады. Авторлар бұл әдістердің балалар мен жасөспірімдердің ішкі қақтығыстары мен эмоционалдық жағдайларын анықтаудағы тиімділігін талдайды, сонымен қатар клиникалық психологиядағы проекциялық әдістермен жұмыс істеудің ғылыми мәліметтері мен практикалық стратегияларын ұсынады. Кітапта әдебиеттерге кең шолу жасалған, теориялық негіздер баяндалған және балалар мен жасөспірімдермен жұмыс істеуде проекциялық әдістерді қолдануды көрсететін практикалық мысалдар келтірілген. Сонымен қатар, кітап проекциялық әдістерді қолданудың этикалық

аспектілерін, мәдениеттің әсерін және әр түрлі жастағы балалар мен жасөспірімдер үшін әдістерді бейімдеудің ерекшеліктерін қарастырады. Оқырмандар проекциялық әдістерді қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері, олардың сенімділігі мен валидтілігі туралы толық ақпарат алады. Кітап тәжірибелі психологтарға, психотерапевтерге, студенттерге және балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығымен айналысатын барлық мамандарға арналған. Ол проекциялық әдістерді тиімді және этикалық түрде қолдану үшін қажетті білім мен дағдыларды береді (Maurer, 2017)

Бұл мақалада психодиагностиканың әр түрлі қырлары, атап айтқанда, объективті және проекциялық тесттерді қолдану мәселелері қарастырылады. Психологиялық тестілеудің принциптері мен әдістері талқыланып, психикалық күйлер мен тұлғалық ерекшеліктерді анықтаудағы объективті және проекциялық әдістердің тиімділігі салыстырылады. Сонымен қатар, әрбір тестілеу түрінің артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып, оларды психологиялық диагностикада қолдану жолдары талқыланады. Мақалада объективті тесттердің стандартталған процедуралары мен сандық нәтижелерінің арқасында жоғары сенімділікке ие екендігі атап көрсетіледі. Алайда, олардың шектеулілігі де бар, себебі респонденттер өз жауаптарын саналы түрде бақылай алады, бұл нәтижелердің бұрмалануына әкелуі мүмкін. Ал проекциялық тесттер болса, респонденттердің санасыз ойлары мен сезімдерін анықтауға бағытталған, бірақ олардың интерпретациясы субъективті болуы мүмкін. Мақалада психологтардың осы екі әдісті де қолданудағы тәжірибесі мен біліктілігінің маңыздылығына назар аударылады. Сонымен қатар, психодиагностикалық зерттеулерде әр түрлі әдістерді біріктірудің тиімділігі қарастырылады, бұл нәтижелердің толыққанды және дәл болуына мүмкіндік береді (Hammer, 2016)

М. В. Петрайтене мақаласында мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық дамуын зерттеу және қолдаудағы проекциялық әдістердің маңызы мен қолданылуы қарастырылады. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуын бағалаудағы проекциялық әдістердің педагогикалық тәжірибедегі маңыздылығына тоқталып, проекциялық диагностиканың мүмкіндіктері жүйеленеді. Авторлар бұл әдістердің басқа әдістермен анықтау мүмкін емес тұлғалық қасиеттерді анықтаудағы тиімділігін атап көрсетеді. Нәтижелерді талдау және баланың дамуы туралы диагностикалық ақпаратты алу үшін деректерді түсіндіруге ерекше назар аударылады. Балаларға психологиялық қолдау көрсетуде проекциялық әдістерді қолдану оларға дер кезінде кәсіби көмек алуға мүмкіндік береді. Мақалада балалардың мектепке психологиялық дайындығын бағалаудың бірнеше проекциялық әдістерін қолдану қарастырылған, мысалы, «Адамның суреті», «Мектептің суреті», «Суреттің бояуы», «Балабақшаға жол» және «Мен мектепке барамын». Бұл әдістер баланың мектепке психологиялық дайындығы, оның ішкі тәжірибесі және мектеп ортасына көшу туралы идеялары туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, авторлар проекциялық әдістер баланың жеке ерекшеліктерін тереңірек түсінуге және оның жаңа оқу жағдайларына бейімделуіне әсер ететін факторларды анықтауға көмектесетінін атап өтеді. Мақалада проекциялық әдістерді қолдану кезінде этикалық мәселелерге және баланың құқықтарын құрметтеуге баса назар аударылады. Психологтардың балалармен жұмыс істеудегі біліктілігі мен тәжірибесінің маңыздылығы, сондай-ақ алынған нәтижелерді дұрыс түсіндіру қажеттілігі атап көрсетіледі. Авторлар проекциялық әдістерді қолдану балалардың психологиялық әл-ауқатын жақсартуға және олардың толыққанды дамуына ықпал ететініне сенімді (Petraytene, 2014)

Т.Д.Марцинковскийдің "Балалардың практикалық психологиясы" кітабы балалармен проекциялық психодиагностиканы қолдануға арналған. Кітапта әртүрлі әдістер, соның ішінде сызбалар, ойындар және ақыл-ой карталары қарастырылып, оларды пайдалану мен мүмкіндіктері туралы егжей-тегжейлі нұсқаулар беріледі. Нәтижелерді түсіндіру, негізгі белгілерді анықтау және балалардың жас ерекшеліктерін талдау процесіне баса назар аударылады. Мысалдар мен жағдайлық есептер кітаптың практикалық құндылығын арттырып, балалар психологиясы саласында жұмыс істейтін мамандар үшін таптырмас құрал етеді. Кітапта проекциялық әдістерді қолданудың этикалық аспектілеріне, баланың құқықтарын құрметтеуге және құпиялылықты сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Автор әрбір әдісті қолданудың мақсаттары мен шектеулерін түсіндіреді, бұл мамандарға баланың жағдайына ең қолайлы әдістерді таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, кітапта проекциялық әдістерді басқа психодиагностикалық құралдармен және әдістермен қалай біріктіруге болатыны туралы кеңестер беріледі, бұл баланың психологиялық жағдайы туралы толыққанды түсінік алуға мүмкіндік береді. Кітап балалар психологтарына, психотерапевтерге, педагогтарға және балалармен жұмыс істейтін басқа да мамандарға арналған (Marczinkovskaya T.D., 2000).

Елена Суркованың "Диагностиканың проекциялық әдістері: балалар мен жасөспірімдерге психологиялық кеңес беру" кітабы балалар мен жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсетуде проекциялық әдістерді қалай қолдану керектігін үйретеді. Кітапта әртүрлі проекциялық әдістердің сипаттамасы, оларды әртүрлі жас топтарымен жұмыс істеуде қалай қолдану керектігі және нәтижелерді қалай түсіндіру керектігі туралы мысалдар бар. Кеңес беру тәжірибесінде осы әдістерді қолдану ерекшеліктері қарастырылып, осы жас тобындағы клиенттермен жұмыс істеудің практикалық стратегиялары ұсынылады. Бұл кітап балалармен және жасөспірімдермен

жұмыс істеуде проекциялық әдістерді қолдануға қызығушылық танытатын психологтарға, студенттерге және зерттеушілерге пайдалы. Осы әдістерді қолдану арқылы психологтар баланың немесе жасөспірімнің ішкі жан дүниесін тереңірек түсініп, олардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес көмек көрсете алады. Кітап нақты жағдайлардан алынған мысалдармен толықтырылып, қолдануға оңай болатын ұсыныстар мен әдістемелерді қамтиды (Surkova E.G., 2008).

"Балалар психологының тәжірибесіндегі проекциялық әдістер" кітабы психологтарға балалармен жұмыс істеуде проекциялық әдістерді қалай қолдану керектігін үйретеді. Кітапта балалармен диагностика жүргізу және оларға көмек көрсету үшін қолданылатын тесттер, ойындар, суреттер және басқа да әдістер сияқты әртүрлі проекциялық әдістер қарастырылады. Балалар психологиясының әртүрлі жағдайларында проекциялық құралдарды қолданудың әдістері, ерекшеліктері мен тәсілдері талқыланып, оларды пайдалану бойынша мысалдар мен кеңестер беріледі. "Балалар психологының тәжірибесіндегі проекциялық әдістер" кітабы психологтарға күнделікті жұмыста кездесетін қиындықтарды шешуге көмектеседі. Авторлар балалардың ішкі сезімдерін, қарым-қатынасын және жан дүниесін терең түсінуге мүмкіндік беретін проекциялық әдістерді тиімді қолдану жолдарын көрсетеді. Әрбір әдістің қай жағдайда қолданылатыны, психологиялық әсері және алынған нәтижелерді қалай дұрыс түсіндіру керектігі егжей-тегжейлі талқыланады. Кітапта әр жастағы балалармен жұмыс істеуге арналған практикалық кеңестер, нақты өмірден алынған мысалдар және балалармен тез тіл табысуға көмектесетін шығармашылық әдістер ұсынылған. Бұл материалдар психологтарға баланың ішкі әлемін түсінуге, оны қолдауға және дамытуға бағытталған маңызды құрал бола алады (Semenova N.P., 2000).

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуына изотерапияның әсері көп жағдайда осы саладағы зерттеулер мен білімдер жиынтығына байланысты, олар уақыт өте келе және әртүрлі аймақтарда өзгеруі мүмкін. Бұл тақырып әлі де ерте жастағы балаларды дамыту және изотерапияның кеңірек саласында салыстырмалы түрде аз зерттелген деп санауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерін зерттеу мәселелеріне ғылым тарапынан да, тәжірибелік қызметкерлер тарапынан да көп көңіл бөлінді және берілуде. Үлкен тәжірибе жинақталды. Дегенмен, тәжірибелік жұмыста бүгінгі күні педагогтар, психологтардың алдында әлі де көптеген мәселелер мен сұрақтар туындайды. Осы әдебиеттік талдауымыз біздің зерттеуіміздің теориялық бөліміне негіз болып, зерттеудің маңыздылығын айқындады.

### **3 Бөлім: Әдістеме**

#### **Әдістеме және іріктеу**

Бұл бөлімде мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын дамытуда изотерапияның әсерін зерттеу үшін зерттеу әдістемесі және зерттеу нәтижелерін жинау мен талдау сипатталады. Дж. Рензуллидің «Шығармашылықтағы жаңа бағыт» әдістемесі арқылы сапалық зерттеу жүргіземіз. Сапалық талдау келесі себептер бойынша таңдалды:

1. Балалардың жеке ерекшеліктерін терең түсіну. Сапалы талдау әдісі балалардың қабылдау, қиял және эмоционалды реакцияларының бірегей көріністерін зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, арт-терапияның әсерін зерттеу үшін маңызды, себебі балалар өз сезімдері мен ойларын тек сандық көрсеткіштер арқылы емес, шығармашылық арқылы жеткізеді.
2. Шығармашылық жұмыстардың мән-мәтіні мен мазмұнын талдау. Сапалы талдау баланың жұмыс барысында қолданатын символизмін, бейнелерін және

эмоцияларын, яғни жасау процесін зерттейді. Бұл арт-терапияның балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына қалай әсер ететінін толық түсінуге жол ашады.

3. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі. Зерттеуге қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ауызша рефлексия мен өзін-өзі талдау мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, сапалы талдау әдісі қолайлы таңдау болып табылады. Себебі, бұл әдіс күрделі сауалнамалар мен тесттердің орнына бақылау, суреттерді талдау және олардың мазмұнын сипаттау сияқты тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді.

Балалар шығармашылық тапсырмаларды қауіпсіз әрі жайлы ортада орындады, бұл оларға өз ойлары мен сезімдерін толыққанды білдіруге мүмкіндік берді.

#### **Әдістің сенімділігі**

1. Эмпирикалық тексеру: Рензулли әдісі шығармашылық ойлауды зерттеуде бірнеше рет қолданылып, өзінің тиімділігін көрсетті. Ол әртүрлі жас топтарына, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға бейімделген, бұл оның сенімділігін дәлелдейді.

2. Деректердің қайталануы: Тапсырмалар стандартталған, бұл олардың біркелкілігін қамтамасыз етеді және қатысушылар арасында нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік береді.

3. Экологиялық жарамдылық: Әдістеме еркін ортада шығармашылық пен ойлаудың табиғи процестерін зерттеуге бағытталған, бұл деректерді сенімдірек және нақты өмірге жақындатады.

Демек, Рензулли әдісін қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестері мен қиялдары туралы ақпаратты дәл жинауға мүмкіндік береді.

### **Зерттеу нысаны**

Зерттеуге Астана қаласындағы «Spectrum Kindergarten» балабақшасының мектепалды даярлық тобынан 30 бала қатысты. Зерттеуге дейін ата-аналардан олардың балаларының психодиагностикаға қатысуына жазбаша келісім алынды. Бұл келісім зерттеуді балабақшаның стандартты жұмыс тәртібі аясында ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

### **Зерттеу барысы.**

Зерттеу барысында қатысушылардың құқықтарын қорғау, алынған мәліметтердің сенімділігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету үшін барлық негізгі этикалық қағидалар сақталды. Әрбір баланың немесе олардың заңды өкілдерінің ерікті түрде қатысуына баса назар аударылды. Зерттеуде құпиялылық принципі қатаң сақталып, мәліметтер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Зерттеу екі негізгі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең оқу жылының басында, тамыз айында алғашқы өлшем ретінде өтті. Екінші кезең алты ай өткен соң, ақпан айында жүргізілген қорытынды өлшемнен тұрды. Осы екі кезең арасындағы уақыт зерттеу әдістерінің тиімділігін бағалауға және балалардың дамуындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуге қатысу шарттары:

- Жасы 6 жас мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері;
- Психикалық дамуында ауыр ауытқулардың болмауы;
- Ата-анасының немесе заңды қамқоршысының келісімі.

### **Мәліметтерді жинау әдістері**

Зерттеу үшін Дж. Рензуллидің «Шығармашылықтағы жаңа бағыт» әдістемесі таңдалды. Бұл әдіс мектепке дейінгі жастағы балалардың қиялын, креативті ойлауын және эмоциялық өрісін дамытуға бағытталған. Әдіс изо-терапия (сурет арқылы терапия) арқылы жүзеге асырылды. Әдістемесі 48 тапсырмадан тұрады, ол негізгі және

қосалқы болып бөлінген. Біз өз зерттеуімізге негізгі 24 тапсырманы алдық. Оның ішінде оң, сапалы ақпарат берген 12 тапсырма болды.

Зерттеуге 30 бала (6 жас мектепке даярлық тобы) қатысты. Қатысушылар 3 топқа бөлінді:

1-топ – тапсырмалар жеке орындалды (10 бала);

2-топ – тапсырмалар топтық форматта жүргізілді (10 бала);

3-топ – изотерапия қолданылған жоқ, бұл бақылау тобы (10 бала).

Зерттеу жүргізілді: 02.09.2024-25.02.2025

Алғашқы өлшеу аралығы 20 - 27.08.2024, қорытынды өлшеу 3 - 11.03.2025.

Тапсырманы орындау уақыты 20 минуттан 30 минутқа дейін өзгерді.

Зерттеудің мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процесі қиялдың дамуына изотерапияның әсерін және изо-терапия креативтіліктің дамуына қалай әсер ететінін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Рензулли әдісі бойынша изотерапиялық жаттығулар ұйымдастыру;
2. Креативтілікті өлшеу және креативтілікті жеке және топтық түрде дамыту;
3. Балалардың салған суреттерін сапалық тұрғыдан талдау (түстер, линия, форма, заттар саны, эмоциялық мазмұн бойынша);
4. Үш топ арасындағы айырмашылықтарды салыстыру;
5. Изотерапияның креативтілік пен эмоциялық өріске әсері туралы қорытынды жасау.

Қолданылған жаттығулар тізімі:

1. «Суық туралы ойласам...»
2. «Ыстық нәрсе есіме түссе...»
3. «Мені не бақытты етеді?»

4. «Мені не ренжітеді?»
5. «Суреттегі оқиғаны айтып берші? » (Қоян)
6. «Суреттегі оқиғаны айтып берші? » (Мысық)
- 7.«Шуақты күндер мені ойлантады...»
8. «Жаңбырлы күндер мені ойлантады...»
9. Тек балалардың басынан қандай жағдайлар өтеді? (Суретте «Балабақша» есігінен кіріп бара жатқан бала бейнеленген)
10. Тек балаларға арналған жаңа телебағдарлама оқиға ойлап тап.
11. «Бұл сиқырлы есіктің ар жағындағы сиқырлы орын. Онда не таба алатыныңызды сызыңыз немесе жазыңыз.»
12. «Бұл сиқыр мектебінің есігі. Сол жерден не таба алатыныңызды сызыңыз немесе жазыңыз.»

#### **Сапалық талдау критерилері**

Балалардың изо-терапия тапсырмаларын жасау барысында қолданған түстері және сызықтар, олардың мәнін сапалық талдауымызға енгізу үшін келесі әдебиеттерге сүйене жасаймыз (Lebedeva, L.D., et al., 2006, Suleimen, M.M., & Madalieva, Z. B., 2016, Kasen, G.A., et al., 2018).

Салқын түстер - салқындықпен, тыныштықпен және ұстамдылықпен байланысты реңктер. Олар балғындық пен тыныштық сезімін береді, кейде мұңды немесе ажырауды тудыруы мүмкін. Бұл санатқа көк, ашық көк, сұр және олардың түрлері кіреді. Ашық көк - аспан мен мөлдір судың түсі. Ол еркіндікті, жеңілдікті және тыныштықты білдіреді. Көк көбінесе тазалық пен тыныштықпен байланысты. Оның жұмсақтығы оны жеңілдік пен тазалықты жеткізуге, сондай-ақ салқындық сезімін тудыруға өте қолайлы етеді. Қою көк - теңіз тереңдігімен немесе түнгі аспанмен байланыстыратын бай, терең реңк. Бұл түс тұрақтылықты, сенімділікті және

даналықты білдіреді. Оны кейде суық және қатал, бірақ сонымен бірге байсалды және ойлы деп қабылдайды. Көк жалғыздық пен терең ойға бату сезімін тудыруы мүмкін.

Сұр - бұлтты аспанмен, таспен және металмен байланысты бейтарап және бағынышты түс. Сұр жұмсақ және жайлы болуы мүмкін немесе қатал және мұңды болуы мүмкін. Ол көбінесе тыныштықты, тепе-теңдікті және бейтараптылықты білдіреді, бірақ сонымен бірге қайғылы немесе монотондылықпен байланысты болуы мүмкін.

Бұл түстер өздерінің "салқындығына" қарамастан, арманшылдық, ойшылдық, тыныштық немесе меланхолия сияқты терең эмоциялар мен күйлерді көрсетуге көмектеседі. Оларды суреттерде пайдалану рефлексияны, ішкі үйлесімділікті немесе тіпті өзін-өзі тануды бейнелей алады.

6 жастағы балалардың суреттерінде салқын түстерді таңдауы олардың эмоционалдық жағдайын, ішкі әлемін және қоршаған ортаны қабылдауын көрсете алады. Мүмкін түсіндірмелер:

Ашық көк түс баланың өзін қауіпсіз және жайлы сезінетінін білдіруі мүмкін. Бұл түс көбінесе қиялмен байланысты, әсіресе ойлауды немесе қиялдауды ұнататын балаларда. Көк түс баланың санасында аспанмен, теңізбен немесе басқа табиғи элементтермен байланысты болуы мүмкін. Яғни, бейбітшілік пен тыныштық, армандау, табиғатқа деген сүйіспеншілікпен сипаттай аламыз.

Қою көк түс баланың өз ойларына немесе тәжірибесіне назар аударғысы келетінін көрсетуі мүмкін. Балалар ойлы күйді немесе үнсіздікті қалау үшін көк түсті пайдалана алады. Көгілдір түс көбінесе тереңдік пен құпиямен байланысты, бұл баланың зерттеуге және оқуға деген қызығушылығын көрсетуі мүмкін. Балада шоғырлану, жалғыздық сезімі, белгісізге қызығушылық бар.

Сұр түсті пайдалану баланың өз эмоцияларын ашық көрсетпеді қалайтынын көрсетуі мүмкін. Сұр ішкі ойларды білдіруі мүмкін, әсіресе бала тыныш ортада сурет салса. Кейде сұр түсті таңдау шаршау немесе жеңіл қайғы сияқты сезімдерді білдіреді, бірақ ол әрқашан жағымсыз нәрсені білдірмейді. Балада келесі процестер болуы мүмкін: ұстамдылық немесе сақтық, рефлексия, қайғылы күй.

Балалар суреттеріндегі салқын түстер олардың көркемдік талғамдарының немесе сыртқы ортаның әсерінің көрінісі болуы мүмкін (мысалы, ауа райы, бөлме декоры). Олардың таңдауын дәлірек түсіндіру үшін суреттің контекстін, тақырыпты және баланың жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Жылы түстер - жылулық, қуат, қуаныш пен өмірлік серпілісті тудыратын түстер палитрасы. Оларға сары, қызғылт сары, қызыл және қызғылт түстер жатады. Бұл түстер көбінесе эмоционалды ашықтықты, қызығушылық пен көңілділікті көрсетеді, әсіресе балаларда.

Сары күнмен, жарықпен, бақытпен байланысты. Оптимизмді, шығармашылықты және ақыл-ой белсенділігін білдіреді. Балалар үшін қуанышты көңіл-күй, жарық пен жеңілдіктің ішкі сезімін білдіреді. Ерекшеленуді ұнататын немесе танылуға ұмтылатын балалар таңдайды. Баланың көңілділігі мен күш-қуатын, сондай-ақ оның назар аударуға деген ұмтылысын білдіруі мүмкін.

Қызғылт сары жылулық, энергия және достық түсі. Жайлылық, сенімділік және белсенділікпен байланысты. Балалар үшін әлеуметтік ашықтықты, араласуға және достасуға деген ұмтылысты көрсетеді. Қызығушылығын, ойнауға және тәжірибе жасауға бейімділігін көрсете алады. Жайлылық пен қауіпсіз кеңістік сезімімен байланысты болуы мүмкін.

Қызыл энергияның, күштің және құмарлықтың түсі. Белсенділікпен, эмоциямен және әрекетке ұмтылумен байланысты. Балалар үшін эмоционалды қарқындылық пен

белсенді темпераментті көрсетеді. Қозған немесе жігерлі күйді, өз эмоцияларын білдіруге деген ұмтылысты көрсетуі мүмкін. Қуаныш, ашу немесе қуаныш сияқты күшті сезімдерді білдіру үшін қолданылады.

Қызғылт нәзіктіктің, қамқорлық пен махаббаттың түсі, жылулық пен жайлылықпен байланысты. Балалар үшін жұмсақтықты, сезімталдықты және романтизмді білдіру үшін таңдалады. Гармонияға деген ұмтылысты және эмоционалды қолдауға мұқтаждықты көрсетуі мүмкін. Арманшыл, мейірімді және мейірімді көңіл-күймен байланысты.

Жылы түстердің ортақ белгілері. 6 жастағы балалардың суреттеріндегі жылы түстер көбінесе олардың көңілділігін, белсенділігін және эмоционалды ашықтығын көрсетеді. Бұл түстер балаға өз сезімдері мен тілектерін білдіруге көмектесетін энергия мен жағымды эмоцияларды ынталандырады. Жылы түстерді таңдау қоршаған ортаға, мысалы, шуақты күндер немесе сүйікті ойыншықтар сияқты интуитивті реакциямен байланысты болуы мүмкін.

Балалардың суреттеріндегі сызықтар - олардың көңіл-күйін, эмоциясын және қоршаған әлемді қабылдауын білдіретін маңызды элемент. Сызықтардың қалыңдығы баланың көңіл-күйі, сенімділігі және ойын білдіру тәсілі туралы көп нәрсе айта алады.

Жуан сызықтар сенімділікпен, энергиямен және эмоционалды қарқындылықпен байланысты. Баланың суреттің белгілі бір элементтеріне назар аударуға деген ұмтылысын көрсетуі мүмкін. Балалар үшін күш пен шешімділікті көрсетеді, әсіресе сызықтар қысыммен сызылған болса. Белсенділікті, эмоционалды қарқындылықты немесе тіпті аздап импульсивтілікті көрсете алады. Маркерлер немесе кең ұшты қаламдар сияқты құралдарды пайдаланудың нәтижесі болуы мүмкін.

Жіңішке сызықтар ұқыптылық, шоғырлану және нәзіктікпен байланысты. Ішкі тепе-теңдікті және егжей-тегжейге назар аударуды білдіреді. Балалар үшін тыныш

және шоғырланған күйде ,егжей-тегжейге деген ұмтылысты, шағын элементтерге деген қызығушылықты көрсете алады Сызықтар тым әлсіз және белгісіз болса, бала ұялшақ немесе өз шығармашылығына сенімді емес болуы мүмкін.

Жуан және жіңішке сызықтардың үйлесіміне назар аударсақ, егер бала бір суретте жуан және жіңішке сызықтарды қолданса, бұл оның дамуын және сюжеттің әртүрлі аспектілерін білдіруге ұмтылуын көрсетуі мүмкін. Қалың сызықтар көбінесе негізгі нысандарды немесе эмоцияларды көрсетеді, ал жіңішке сызықтар фон немесе ұсақ бөлшектер үшін қолданылады. Мұндай өзгермелілік жақсы қиялды және өзін көрсете білуді көрсетуі мүмкін.

Сызықтарды түсіндіру суреттің контекстін, баланың көңіл-күйін және оның жеке ерекшеліктерін ескеруі керек. Сызықтардың қалыңдығы құралды таңдауға, баланың физикалық күшіне немесе жай ғана материалдармен тәжірибе жасауға байланысты болуы мүмкін.

#### **4 Бөлім: Зерттеу нәтижелері**

Сапалық анализ . Рензуллидің «New Directions in Creativity» әдісі бойынша жүргізілген жаттығулар негізінде жасалған суреттерге сапалық сипаттама.

Ескерту: 3-топ бақылау тобы ретінде қарастырылып, изотерапиялық жаттығулар өткізілген жоқ. Сондықтан бұл топтың салыстырмалы анализі басқа екі топпен арадағы айырмашылықтарды айқындауға бағытталады.

Сапалық талдау жасау барысында біз қағазда бейнеленген суреттерің саны бойынша; түсі оның ішінде неше түс қолданғандығы, жылы немесе суық түстер; сызық, жуан, жіңішке, нүктелі сызықтар. Изо-терапияда жылы және суық түстердің маңызы зор, әсіресе, балабақша жасындағы балалармен жұмыс барысында, өз кезегінде ол балалардың эмоционалды күйі мен ішкі уайымдарын анықтауға әсер етеді. Түстер мен сызықтардың бала психикасына әсері, маңыздылығын жоғарыда жіктеп көрсеттік.

Бірінші «Не суық болуы мүмкін?» тапсырмасын балалар тыныш күйде, ойланып, жеке қалып жасады. «Не ыстық болуы мүмкін?» тапсырмасында балаларда өте белсенді, толқыған күй байқалды, бір-бірімен талқылап, бір орында емес, топ ішінде әр түрлі зоналарда жүріп жасау бақыланды.


Креативтіліктің дамуының алғашқы өлшемін алуға берілген тапсырма:

### Біріншілік өлшем


#### 1 кесте

*Біріншілік өлшем: «Не суық болуы мүмкін?»*

Өлшемдер	I (Топтық)	II (Жеке)	III (Бақылау тобы)
Саны	5	3	3
Түсі(саны, жылы, суық)	4	2	3
	Сұр, ашық көк	Сұр, ашық көк	Сұр, ашық көк
Сызық (жуан, жіңішке нүктелі сызықтар)	Жіңішке және нүктелі сызықтар	Жіңішке, арасында жуан сызықтар	Сызықтар анық емес, жіңішке сызықтар.



Топтық



Жеке



Бақылау тобы

Сипаттама: "Не суық болуы мүмкін?" сұрағына балалардың жауаптары мен суреттері тақырыпты қызықты әрі жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Ортақ салынған суреттерде балалардың қиялының дамуы мен шығармашылық көзқарастары

байқалды. Қар, балмұздақ, аққала, мұз сияқты бейнелер жиі қолданылды. Бұл суреттердің арасында орта есеппен 1-ден 5-ке дейін сурет болғанын байқауға болады. Жиі қолданылған түстердің арасында сұр, ашық көк түстері басым болды. Кейбір суреттерде қызғылт сары, қоңыр, алқызыл сияқты жылы түстерді де көруге болады. Осы түстер балалардың суреттерінде балмұздақты әрлеу немесе аққаланың детальдарын бояу үшін пайдаланылған. Тапсырманың мақсаты балаларға түсінікті болды, және олар орынды түстерді таңдай алды. Дегенмен, балалардың мінез-құлқы, тұлғалық ерекшеліктері және дәл сол кездегі эмоционалды күйі олардың тапсырманы орындауына әсер етті. Мысалы, кейбір балалар тапсырманы толық орындамай, тек шимайлармен шектелгенін байқауға болады. Бұл балалардың эмоционалды жағдайына немесе тапсырмаға деген жеке көзқарастарына байланысты болғаны мүмкін.

Топтық тапсырма кезінде балалардың саны көбірек болғанын көруге болады. Бұл олардың бір-бірінен идея алуы мен өз шығармашылықтарын дамытуды жеңілдеткен. Сонымен қатар, топта жұмыс істегенде балалардың эмоционалды күйі де жақсы болды, белсенділігі артты. Олар бір-бірінің суреттеріне баға беріп, қарым-қатынас құрды, бұл тапсырманың қызығушылығын арттырды.

Жеке жұмыс барысында, балалардың сенімді қарым-қатынасқа уақыт бөлу қажеттілігі байқалды. Осы себепті сурет санының аз болуы, детальдардың толық болмауы мүмкін. Бірнеше балалар 3 суреттен кейін тоқтап қалғанын да байқап, олардың толық көркемдік көзқарастарының қалыптасуына уақыт пен жағдайдың әсер еткенін айтуға болады. Сонымен қатар, қолданылған түстер көбінесе бірдей, негізінен сұр және ашық көк түстері болды.

Бақылау тобында балалардың бір топта жұмыс істегендігіне байланысты, олардың нәтижелері топтық форматқа ұқсас болып шықты. Бірақ, кейбір ерекшеліктер болды. Суреттерде сызықтар кейде ретсіз және пропорционалды емес болды, ашық көк

түсті тек санаулы балалар қолданды. Бұл топтың жұмысының сапасы төмен болып, суреттердің орналасуы ретсіз болғанымен, олардың мағынасы айқын көрінді.


Қысқаша тұжырымдар:

- Балалардың "Не суық болуы мүмкін?" деген сұраққа жауаптарында қиял мен шығармашылықтың көрінісі байқалды.
- Түстерді таңдау балалардың суыққа қатысты түсініктерін көрсетеді, алайда эмоционалдық күй мен жеке ерекшеліктер тапсырманың орындалуына әсер етті.
- Топтық жұмыс балалардың белсенділігін арттырып, шығармашылықты дамытуға көмектесті, ал жеке жұмыста сенімді қарым-қатынас пен қолдаудың маңызы зор болды.
- Бақылау тобының нәтижелері топтық жұмысқа ұқсас болғанымен, сапасы жағынан төмендеу байқалды.


## 2 кесте

Біріншілік өлшем: «Не ыстық болуы мүмкін?»


Өлшемдер	I(Топтық)	II (Жеке)	III (Бақылау тобы)
Саны	5	3	3
Түсі (саны жылы, суық)	4	3	2
	Жылы түстер	Жылы түстер	Жылы түстер
Сызық (жуан,жіңішке нүктелі сызықтар)	Анық, жуан, жіңішке сызықтар.	Анық, жуан.	Анық емес, жіңішке сызықтар.



Топтық



Жеке



Бақылау тобы

Сипаттама: «Не ыстық болуы мүмкін?» сұрағына балалардың жауаптары мен суреттері олардың шығармашылық әлеуетінің көрінісі болды. Суреттердің мағыналық диапазоны кең, бірақ сапасы орташа деңгейде. Ортақ салынған суреттер арасында от, күн, пеш, шәй сияқты бейнелер жиі кездеседі. Орта есеппен 1-ден 5-ке дейін сурет салынды. Балалар бұл бейнелерді көрсету үшін қызыл, сары, қызғылт сары, қоңыр түстерін қолданған. Бұл түстер ыстықтың, энергияның және қарқынды сезімдердің визуалды түрде көрініс табуы үшін өте үйлесімді.

Жуан сызықтардың көп болуы да қызықты психологиялық ерекшелікті көрсетеді. Ыстық деген ұғым эмоционалды интенсивтілікпен және энергиямен тығыз байланысты, сондықтан балалар интуитивті түрде жуан сызықтарды қолданды. Ыстықты бейнелегенде, мысалы, күн немесе от осындай көлемді және мағыналы объектілер ретінде елестейді. Жуан сызықтар осындай кең ауқымдағы элементтермен байланысып, олардың энергиясын, ыстығын, күшін көрсетуге мүмкіндік береді.

Изотерапияда жуан сызықтардың сенімділік, экспрессия және күшті эмоциялармен байланысты екендігі белгілі. Бұл бейнелерді салу барысында балалар өздерінің ішкі сезімдерін, эмоцияларын білдіру мүмкіндігін тапты. Осылайша, сурет салу процесі балалар үшін шығармашылық тәсілмен эмоциялар мен сезімдерді көрсету тәсіліне айналды.

Бірінші тапсырмадан кейін, балалардың энергиясы мен эмоционалды күйлері айтарлықтай өзгерді. Топтық жұмыста немесе тапсырмалардың жалғасында олардың белсенділігі артты, және әр бала өз суретін байыта отырып, эмоционалды тұрғыда жақсарды. Бұл үрдіс балалардың қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасауында өздігінен түйсіктерін пайдалануға мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Негізгі тұжырымдар:

- Балалар "Не ыстық болуы мүмкін?" деген сұраққа жауап беру арқылы шығармашылық қабілеттерін көрсетті.
- Суреттерде от, күн, пеш, шәй сияқты бейнелер жиі кездесті және қызыл, сары, қызғылт сары, қоңыр түстер басым болды.
- Жуан сызықтардың қолданылуы балалардың ыстық ұғымын эмоционалды қарқындылықпен байланыстыратынын көрсетеді.
- Сурет салу процесі балалар үшін өз сезімдерін білдірудің шығармашылық тәсіліне айналды.
- Тапсырмалардың жалғасында балалардың белсенділігі артты және олар эмоционалды тұрғыда жақсарды.

Изо-терапиялық бағдарламаның негізгі тапсырмаларының нәтижелерін қарастырайық.

1.«Мені не бақытты етеді?»

### 3 кесте

*«Мені не бақытты етеді?»*

Өлшемдер	I (Топтық)	II (Жеке)
Саны	3	2
Түсі	5	3
Сызық	Үзік, жіңішке	Жуан, жіңішке



Группы



Жеке

Сипаттама: Тапсырманы орындау барысында балалардың эмоционалды жағдайында жағымды өзгерістер байқалды. Олар өздерін еркін әрі жайлы сезініп, тапсырманы орындауға ынтамен кірісті. Дегенмен, "Мені не бақытты етеді?" деген сұраққа бірден жауап беру қиынға соқты. Балалардың ойларын қозғау үшін сұрақты ашып, оны мысалдармен түсіндіру қажеттілігі туындады. Мысалы, "Бақытты ететін нәрсе дегеніміз не?" немесе "Сені қуантатын оқиғалар немесе заттар туралы ойланшы" деген сияқты бағыттаушы сұрақтар қолданылды.

Суреттердің сапасы жоғары болды, олардың мазмұнының ауқымы кең екені байқалды. Балалар түрлі эмоциялар мен жағдайларды бейнеледі, бұл олардың шығармашылық қабілеттерінің әртүрлі қырларын көрсетті. Кейбір балалар өз суреттерінде табиғатты, жануарларды, отбасылық қарым-қатынастарды бейнелесе, басқалары ойыншықтар, достарымен ойнау немесе демалыс сәттерін суреттеді.

Топтық жұмыста балалар бір-бірінің идеяларын толықтырып, бір-біріне көмектесіп, ынтымақтастық атмосферасын құра алды. Бұл жағдайда суреттер саны көбірек болды, себебі балалардың ұжымдық идеялары бір тақырыпты әртүрлі қырынан

бейнелеуге мүмкіндік берді. Ортақ тақырыпты түсіндіргеннен кейін балалар тез қимылдап, қызығушылықпен жұмыс істеді.

Жеке жұмыста балалар көбінесе өз сезімдері мен жеке тәжірибелерін бейнелеуге тырысты. Олар бір немесе екі суретпен шектелді, бұл олардың ішкі сезімдерін нақты көрсетуге ұмтылғанын көрсетеді. Кейбір балалар сурет салуға ұзақ ойланып, мазмұнды етіп орындаса, басқалары жылдам әрекет етті, бірақ бұл олардың эмоционалдық жағдайының тереңдігін төмендеткен жоқ. Тапсырманы орындау процесі балалардың эмоциялық интеллектін дамытумен қатар, олардың қиялы мен өзіндік пікірін білдіру қабілеттерін нығайтуға ықпал етті.

Балалар пікірлері: Балалардың бұл тақырып аясында өздерінің шынайы сезімдерін, қуаныш көздерін және оларға жақын жандарды сурет арқылы бейнеледі. Суреттерінде отбасы, үй жануарлары, әсем табиғат және сүйікті істері бейнеленген. Бір бала отбасылық серуенін салып, отбасының бірлігі мен балмұздақ жеген сәтін қуанышпен жеткізді. Ол отбасының күлкісі мен құшағынан бақыт тапқанын айтты.

Екінші бір бала күн, кемпірқосақ және гүлдерді бейнелей отырып, табиғат аясындағы шаттығын көрсетті. Ол көбелек қуып, достарымен ойнаған кездерін еске алып, табиғаттың өзіне қуаныш сыйлайтынын жеткізді.

Үшінші бала сүйікті күшігін салып, оның адалдығы мен махаббатына толы қарым-қатынасын суреттеді. Күшігімен бірге ойнап, оны тамақтандыру арқылы бақытқа бөленетінін айтты.


Ал төртінші бала сурет салу процесін бейнелеп, өзінің шығармашылыққа деген құштарлығын көрсетті. Ұстазының жылы жүзі мен қолдауы оған шабыт беріп, сурет салу арқылы өзін бақытты сезінетінін жеткізді. Бұл жұмыстар балалардың ішкі әлемін, құндылықтарын және сезімдерін айқын көрсетеді.

2.«Мені не ренжітеді?»


4 кесте

«Мені не ренжітеді?»

Өлшемдер	I (Топтық)	II (Жеке)
Саны	3	2
Түсі	1	1
Сызық	Үзік, жіңішке	Үзік, жіңішке



Топтық



Жеке

Сипаттама: Бұл тапсырманы орындау барысында балалар кейбір қиындықтарға тап болды. Суреттерді талдау нәтижесінде олардың нақты көңіл-күйлеріне әсер ететін себептерді толықтай бейнелеп жеткізе алмағаны байқалды. Балалар көбіне жалпы эмоцияларды суреттеуге тырысты. Сурет салуда сұр түстердің жиі қолданылуы олардың эмоциялық жағдайын немесе тапсырмаға деген қызығушылық деңгейін көрсетуі мүмкін. Суреттердің саны шектеулі болды – әр бала орта есеппен 1-3 суретпен ғана шектелді. Балалардың бейнелеп сала алмаған ойлары ауызша жауаптар арқылы анықталды. Әртүрлі жауаптар олардың эмоционалды және әлеуметтік қажеттіліктерін түсінуге мүмкіндік берді:

- Кейбір балалар сенбі және жексенбі күндері демалатынына қуанатынын айтты, бұл олардың еркіндік пен демалысты бағалайтынын көрсетеді.
- Кейбір балалар, керісінше, балабақшаға келуді ұнататынын атап өтті, бұл олардың әлеуметтік ортаға деген жағымды қарым-қатынасын білдіреді.
- Көңіл-күйдің түсуіне ата-аналары сыйлық әпермеген жағдайлар әсер ететіні байқалды, бұл балалардың эмоционалды қолдау мен назарға деген қажеттілігін көрсетеді.
- Балабақшада еркін ойынға уақыттың аз болуы да балаларға кері әсер етеді. Олар ұйымдастырылған іс-әрекеттерге (робототехника, интеллектум, домбыра, дене шынықтыру сияқты) жиі қатысқаннан гөрі, өз қалауы бойынша ойнауды көбірек қалайды.
- Бір бала өз суретінде ата-анасының ұрысқан сәтін бейнелеп:  
«Менің суретімде анам мен әкем ұрысып жатыр. Мен бұрышта тұрмын, жылап тұрмын. Олар ұрысқанда мен қатты ренжимін. Мен олардың қайта татуласқанын қалаймын», – деді.
- Тағы бір бала достарымен ойнап жатқан сәтте өзін жалғыз қалғанын салып:  
«Достарым мені ойнауға шақырмады. Мен шетте жалғыз тұрмын. Олар менсіз доп ойнап жатыр. Мен бұлай болғанда қатты ренжимін», – деп бөлісті.
- Үшінші бала өзінің ойыншығын біреу сындырып кеткенін салып:  
«Менің сүйікті ойыншығымды біреу сындырып тастады. Мен оны қатты жақсы көретінмін. Енді ол жоқ, мен жылап тұрмын. Бұл мені қатты ренжітті», – деді.
- Тағы бір бала балабақшадағы тәрбиешімен қарым-қатынасын бейнелеп:  
«Мен сурет салдым, бірақ тәрбиеші маған ұнамайды деді. Мен тырысқам, бірақ ол мені мақтамады. Сол кезде мен өзімді жаман сезіндім», – деп ренішін жеткізді.


Бұл тапсырма балалардың өз сезімдерін тануға, реніш пен ішкі ауырлықты сурет арқылы сыртқа шығаруға көмектесті және олардың көңіл-күйіне әсер ететін факторларды анықтау үшін жақсы мүмкіндік берді. Олардың сурет арқылы өзін-өзі білдіру дағдылары әлі де дамып жатқандықтан, ауызша жауаптар арқылы маңызды ақпарат жинауға мүмкіндік туды. Балалардың пікірлері олардың эмоциялық қажеттіліктеріне назар аудару және тәрбие процесін жақсарту үшін пайдалы болды.

3.«Суреттегі оқиғаны айтып берші?» (Қоян)


**5 кесте**

